



## САУД ХАЛҚЫН ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ



Мемлекет басшысы Сауд Арабиясы Корольдігінің ұлттық мейрамына орай құттықтау жеделхатын жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қос киенің сакшысы, Сауд Арабиясының Королі Салман бен Әбделазиз Әл Сауд пен Сауд Арабиясының Тақ мұрагері, Премьер-министрі Мұхаммед бен Салман Әл Саудты және барша сауд халқын Ұлттық күнімен құттықтады.

Президент жеделхатта Сауд Арабиясын саяси тұрғыдан іргесі берік, экономикасын нығайтуда көптеген жетістікке қол жеткізген мемлекет ретінде атап өтті. Сондай-ақ Таяу Шығыс өніріндегі Қазақстанның сенімді әрі маңызды серіктестерінің бірі екеніне назар аударды.

Мемлекет басшысы екі ел арасындағы дәстүрлі достық пен бауырластыққа негізделген ынтымақтастық одан әрі нығайтып, халықтардың игілігі жолында дами беретініне сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қос киенің сакшысы, Сауд Арабиясының Королі мен Тақ мұрагері, Премьер-министрінің жауапты қызметтеріне табыс, ал сауд халқына құт-береке тіледі.

## АУДИТ АУА ЖАЙЫЛҒАНДАРДЫ АУЫЗДЫҚТАЙ АЛА МА?

Жоғары аудиторлық палата дабыл қақты. Қазақстанның даму банкі артықшылыққа ие алпауыт компаниялардың аз шоғырының банкі болуын жалғастырған. Бұл бос байбалам емес, дәлелі бар: тексеріс барысында мемлекеттік аудиторлар анықтаған. Жалпы, мемлекеттік банктің қолынан жүздеген миллиард теңге қаражат өтеді. Оның бәрі қайда кетіп жатыр?



Ұлттық банк жуырда, 9 қыркүйекте «Қазақстанның қаржылық тұрақтылық туралы есебін» жариялады. Онда алаңдатарлық бір жайт айтылған: несиелерінің басым бөлігі компаниялардың таңдаулы тобына ғана ұсынылады. Бұл Қазақстандағы қаржылық тұрақтылыққа кері әсер ететін тәуекел факторы саналады.

«Банктер қарыз алушылардың аз тобына ірі қарыз беруді жалғастырды. Оларға негізгі борыш бойынша да, сыйақы бойынша да төлемдерді мейлінше кешірек кезеңге қалдырып, кейін төлеуге мүмкіндік, артықшылық береді. Корпоративті қарыз алушылардың шектеулі санында борыштың шоғырлануы біртіндеп азайды, бірақ әлі де жоғары (41%). Мәселен, корпоративті портфельдегі күмәнді қарыздардың

негізгі көлемі – 71%-ы 2023 жылдың соңында банктердің ең ірі 25 қарыз алушысының қолында шоғырланды», – делінген Ұлттық банк есебінде.

Жоғары аудиторлық палата өз мәлімдемесінде, Қазақстанның даму банкі (ҚДБ) айналдырған 10 тұлғаға артықшылық беретін банк болып қалғанын айтады. Бұл мемлекеттік банк мемлекеттік бюджеттен кәсіпкерлерді қаржыландыруға және өнеркәсіпті дамытуға деп мол ақша сұратады. Алайда аудиторлар әшкерелегендей, ақша негізгі алушыларына жеткенше тым ұзақ уақыт өтеді. Оның өзінде бірен-саранының қолы жетеді.

(Жалғасы 3-бетте)



АЭС САЛУДЫ  
ҚОЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ  
ХАЛЫҚТЫҚ ШТАБ

АЭС ТУРАЛЫ КӨБІРЕК БІЛГІҢІЗ КЕЛСЕ:  
WWW.AES2024.KZ



## БАТЫЛ ШЕШІМДЕР УАҚЫТЫ!

### 6 қазан




## ЕҢ БАСТЫСЫ – ДҰРЫС ТАҢДАУ ЖАСАУ!

Қазақстан үшін АЭС салудағы маңызды фактор – қауіпсіздік. Халық та алдымен атом қуатын энергия көзі ретінде пайдаланудың экономикалық және экологиялық тиімділігі қандай деген сұрақтарға қызығушылық танытып отырғаны жасырын емес. Сондықтан біз елімізде атом электр стансасын салудың артықшылықтары туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимовке бірқатар сауал қойған едік.

→ 4

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

### СТУДЕНТТИҢ НАНЫ НАРЫҚТЫҢ ӘНІНЕ САЙ МА?



→ 7

### «ШЫҒЫС САЛБҰРЫНЫ» – ҚҰСБЕГІЛІКТІ НАСИХАТТАЙТЫН ШАРА



→ 8



24 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕЙСЕНБІ



## СӨЗ ЗЕРГЕРІНЕ КӨРСЕТІЛГЕН ҚҰРМЕТ

Алматы облысы Райымбек ауданының Нарынқол ауылында қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, классик жазушы Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдық мерейтойына арналған ескерткіштің салтанатты ашылу рәсімі өтті. Іс-шараға Мемлекет басшысының тапсырмасымен Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев қатысып, жергілікті жұртшылыққа ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқып берді.

Мемлекет басшысының құттықтауында Бердібек Соқпақбаев қазақ балалар әдебиетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан қарымды каламгер екені айтылған. Оның «Балалық шаққа саяхат», «Менің атым Қожа», «Өлгендер қайтып келмейді», «Жекпе-жек» сияқты теңдессіз туындылар жазып, ешқашан ескірмейтін ғажап мұра қалдырғаны да назарға алынған. Адам психологиясын, қазақтың жан дүниесін асқан шеберлікпен аша білген суреткердің шығармаларындағы шынайы бейнелер нағыз халықтық кейіпкерлерге айналды. Бірнеше буын ұрпақтың жазушы туындыларын оқып өсуі — осының айқын дәлелі.

«Бердібек Соқпақбаев қазақ әдебиетінде ешкімге ұқсамайтын қайталанбас қолтаңбасын қалдырды. Ардақты азаматтың есімін ұлықтап, еңбегін ел жадында жаңғырту — бәрімізге ортақ парыз. Осы орайда жазушының 100 жылдығы ЮНЕСКО-ның атаулы күндері тізбесіне енгізіліуі және туған жерінде сәулетті ескерткішінің бой көтеруі — айгілі сөз зергеріне деген қадір-құрметтің белгісі. Қаламгердің өзіне ғана емес, оның кейіпкеріне ескерткіш орнату — өте сирек кездесетін оқиға. Астана төрінде тұрған Қожаның мүсіні Соқпақбаев шығармашылығының ұлт руханиятында ерекше орын алатынын көрсетеді», — делінген Президенттің құттықтауында.

Мәулен Әшімбаев өз сөзінде аталған өлкеден Райымбектей айбынды батыр мен Мұқағалидай арқалы ақын шыққанын тілге тиек етіп, осы өңірдің төл перзенті Бердібек Соқпақбаевтың есімі қазақ әдебиетінің тарихына алтын әріппен жазылғанына назар аударды. Сондай-ақ ол соңына қалдырған мұрасы ұлттың рухани қазынасына айналған көрнекті тұлғалардың есімін ұлықтау және оларды өнегелі өмірін кенінен зерделеп, дәріптеу аса маңызды екенін атап өтті.

Палата Спикері Б.Соқпақбаевтың шығармашылығы әрдайым өзгелерден дараланып тұратынын және олар шынайылық пен қарапайымдылыққа табан тірейдінін айтты. Жазушының туындылары қазақстандықтармен бірге бүкіл әлем оқырмандарының ыстық ықыласына бөленіп, әр буынның жадында сақталатын құнды дүниеге айналды. Қаламгердің «Менің атым Қожа» повесінің 68 тілге аударылуы соның жарқын көрінісі. Ал шығарма желісімен түсірілген кинокартина 1967 жылы Канн қала-

сында өткен балалар мен жасөспірімдерге арналған фильмдердің халықаралық кинофестивалінде дипломант атанды.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы жас буынның бойында дұрыс құндылықтар жүйесін қалыптастыру ісінде әдебиеттің, өнердің және креативті индустрияның рөлі жоғары екенін, бұл мәселеге Мемлекет басшысы бірнеше мәрте тоқталғанын атап өтті.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өскелең ұрпақтың бойында оқу мәдениетін қалыптастырудың маңызына назар аударып, осы бағытта «Балалар кітапханасы» атты жана бағдарламаны қолға алуды тапсырды. Бұл жоба қазақ әдебиетінің түрлі кезеңі мен жанрын қамтитын кітаптардың арнайы тізімін жасақтап, олардың балаларға қолжетімді болуы қамтамасыз етуді көздейді. Сондай-ақ биыл елде «Ұлттық кітап күні» белгіленді. Осындай кешенді шаралардың барлығы қаламгерлеріміздің есімін мәңгілік етуге зор үлесін қосатыны сөзсіз. Сондықтан алдағы уақытта мүдделі мемлекеттік органдар мен Жазушылар одағы бірлесіп отырып, осы бағыттағы жүйелі жұмыстарды әрі қарай жалғастырады деп сенеміз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сапар аясында палата Спикері Қарасаз ауылына арнайы ат басын бұрып, Мұқағали Мақатаевтың әдеби-мемориалдық музейіне барды және өңірдің дарынды жастарын қолдауға арналған өнер мектебінің ашылу рәсіміне қатысты. Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдық мерейтойына жиналған меймандармен бірге жазушы атындағы саябақта ағаш отырғызды. Одан бөлек, Кеген ауылына барып, «Қамқорлық» балаларды оналту орталығының қызметімен танысты.

Сондай-ақ Мәулен Әшімбаев ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Ауыл кітапханаларына арналған 100 кітап» акциясына атсалысты. Палата Төрағасы жазушы Бердібек Соқпақбаев туған Қостөбе ауылындағы мектепке қазақ әдебиетінің классиктері мен шетелдік авторлардың кітаптарын тарту етті. Атап айтқанда, мектеп кітапханасы Бердібек Соқпақбаевпен бірге Абай, Ыбырай Алтынсарин, Мұхтар Әуезов, Шыңғыс Айтматов, Эрнест Хемингуэй, Даниэль Дефо, Иван Тургенев, Жюль Верн және басқа да жазушылар мен ақындардың шығармаларымен толықты.

## ХАЛЫҚТЫҚ ШТАБ: АЭС – АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУДА СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗҒА ИЕ



АЭС салуды қолдау жөніндегі Халықтық штабтың өңірлерге сапары жалғасуда. Бүгін штаб мүшелері Солтүстік Қазақстан облысында болып, шаруалармен, өңірдегі белсенді азаматтармен, сондай-ақ ғылыми-сараптамалық қоғамдастық өкілдерімен бірқатар кездесу өткізді.

Мәселен, Чапаев ауылындағы «Қызылжар сүт» ЖШС алаңында штаб мүшелері өңірдегі ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілермен кездесті. Соңғы 5 жылда СҚО-да сүт өндірісі 100 мың тоннадан асты. Бүгінде ел аумағында өндірілетін сүттің 10%-дан астамы — осы өңірге тиесілі. Ал «Ауыл аманаты» жобасы аясында өңір тұрғындары жалпы сомасы 79 млрд теңгені құрайтын 12,7 мың несие алды. Аталған қаражат мал сатып алуға, шаруа қожалықтарына, жылжымайтын салуға, техниканы жаңартуға және тағы басқаға бағытталды. Бұл жобалар көп мөлшердегі әрі тұрақты электр энергиясын қажет етеді. Осы орайда Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының жетекшісі Елнұр Бейсенбаев АЭС ауыл шаруашылығын одан әрі дамытуда стратегиялық маңызға ие екенін атап өтті.

«Атом реакторлары — тексерілген және сенімді энергия көзі ретінде алдыңғы қатарлы елдердің сеніміне ие. Шын мәнінде, әлемде атом стансаларын барынша ерте әрі көп салу бойынша тартыс жүріп жатыр. Қазақстанда жеке атом өнеркәсібін дамытуға қажет барлық жағдай жасалған. Біз уран қоры бойынша 2-орында және оны өндіру ісінде 1-орында тұрмыз. Қазір апаттық жағдайлар үйреншікті жағдайға айналса, АЭС осы мәселені шешіп, тұрақты энергия көзінің кепілі болмақ. Сондай-ақ ол ауыл шаруашылығы өндірісінің одан әрі өсуіне жағдай жасайды», — деді ол.

Шаруалар АЭС құрылысына мүдделі екенін атап өтті. Себебі ол кәсіпорындардың жүйелі жұмыс істеуіне қажет тұрақты әрі сенімді энергиямен қамтамасыз етеді. Бұған қоса, агроөнеркәсіп кешенінің одан әрі дамуына лайықты жағдай жасайды.

Бұдан соң штаб мүшелері М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің студенттерімен және оқытушыларымен кездесті. Іс-шараға 100-ден астам адам қатысты. АЭС құрылысы жастарға жана мүмкіндіктер ашады. Атап айтқанда, лайықты жалақы төленетін он мыңдаған жана жоғары білікті жұмыс орындары құрылады. Осы мақсатта атом энергетикасын дамытудың болашақ

мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадр даярлау Жоспары әзірленеді. Соның негізінде жұмысқа қажет мамандар даярланады. М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінде болашақ ондаған физик, химик, инженер мен энергетик білім алады. Штаб мүшелерінің пікірінше, АЭС арқылы олар өздерінің тың идеялары мен озық ғылыми әзірлемелерін жүзеге асыра алады.

Осы күні штаб мүшелері Raduga K. D. R ЖШС көпсалалы зауытындағы

гетикасын дамыту Қазақстанның энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, елге озық технологияларды енгізуге және шетелдік инвестицияларды көбірек тартуға мүмкіндік береді. Кәсіпорынның еңбек ұжымы 6 қазанда өтетін референдумға белсенді қатысуға ниет білдірді.

Сонымен қатар Халықтық штаб «AMANAT»-тың бастауыш партия ұйымдарының белсенділерімен кездесті. БПҰ АЭС салу идеясын ілгерілетуде шешуші рөл атқарады. Себебі олар ел аумағында ауқымды желіге ие және тұрғындарға ақпаратты тиімді жеткізе алады. Олар жергілікті жердегі беделі мен ықпалы арқылы адамдарға АЭС құрылысының ел болашағы үшін маңызын түсіндіреді, үрей мен күмәнді жоюға көмектеседі, сондай-ақ азаматтарды референдумға белсенді қатысуға жұмылдырады. Бастауыш партия ұйымдарының



қазақ өндірілетін цехқа барып, кәсіпорынның еңбек ұжымымен кездесті. Әңгімелесу барысында олар АЭС салынған жағдайда еліміздің экономикалық жағдайы қалай өзгертетінін айтты. Атап айтқанда, мұндай стансаның ұзақ уақыт жұмыс істеуі электр энергиясының тұрақты тарифін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ штаб мүшелері Қазақстан 2060 жылға қарай көміртекті бейтараптық бойынша міндеттеме қабылдағанын еске салды. Яғни, көмір технологиясымен өндірілетін барлық тауарға қосымша салық салынады. Осылайша, АЭС құрылысы қазақстандық өнімнің бәсекеге қабілетін күшейтеді.

Зауыттың бас директоры Дмитрий Шарапаевтың пікірінше, атом эне-

катысуы қазақстандықтардың алдағы референдумда саналы және салмақты таңдау жасауында аса маңызды.

Жалпы, астықты өңір саналатын Солтүстік Қазақстан облысының тұрғындары энергетикалық проблемаларды шешу және тұрақты дамуды қамтамасыз ету ісіндегі атом энергетикасының маңызын түсініп, АЭС құрылысына толық қолдау білдірді. Олар атом стансасы құрылысына дауыс беруге ниетті.

Дайындаған:  
«Nur Media» ЖШС.  
Тапсырыс беруші: М. Ж. Оспанов  
«AMANAT» партиясы  
ҚБ қаражаты есебінен төленді





# АУДИТ АУА ЖАЙЫЛҒАНДАРДЫ АУЫЗДЫҚТАЙ АЛА МА?

(Басы 1-бетте)

**Елдос СЕНБАЙ**

Бұл жайт Жоғары аудиторлық палата жүргізген «Өңдеу өнеркәсібін мемлекеттік қолдауға талдау» нәтижесінде белгілі болды. Аудиторлар көңілсіз қорытындыға келді. 2019 жылдан бастап, 2023 жыл аралығында банк негізгі үш саланың санаулы салалық жобаларын қаржыландыруға 2,4 триллион теңгені жұмсап жіберген.

— ҚДБ-ның кредиттік портфелінің жартысынан астамы небәрі 10 ірі, белгілі тұлғаларға тиесілі. Осыған қатысты ел Президенті 2022 жылғы 11 қаңтарда қатаң сын айтқан болатын. Мемлекет басшысы Қазақстанның даму банкі қаржылық-өнеркәсіптік және құрылыс топтарын ұсынатын таңдаулы тұлғалардың жеке банкіне айналып кеткенін айтқан-тын. Дәл осы 10 тұлғаның тобын басымдықты қаржыландыру саясаты жалғасып жатыр, — деді аудиторлық палата төрағасы Әлихан Смайылов.

Мемлекеттік аудиторлар ірі бизнесті, басқаша айтқанда контрагенттердің айрықша тобын қаржылай қолдаудың жалғасып жатқанына ерекше назар аударды. Смайыловтың айтуынша, «Қазақстанның даму банкі» АҚ-ның бес жылдағы барлық кредиттік, лизингтік және инвестициялық портфелінің жартысы осы артықшылық берілген топтарға тиді! Мұндай тәсіл жеңілдетілген қаражатқа тең қолжетімділік және оларды әділ бөлу қағида-тарын бұзады.

«Қарсы міндеттемелердің заемшыға ыңғайлы етіп жасалғаны соншалық, қарыз алушылардың экспортты



Елдар ҚАБА (қолжазба)

цестерді оңтайландыру арқасында банк өтінімдерді қарастыру мерзімін 12 жұмыс күніне дейін қысқарта алыпты. Мысалы, «бизнес ұсынысы» және «индикативтік талдау» кезеңдерін біріктірді. Кейбір рәсімді алып тастаған. Бұрын талап етілетін бірқатар қорытынды-сараптаманы жойған.

Қателесіз сарапшыларды тартып, техникалық сараптама жүргізеді. Сарапшылар өтінім берушінің экономикалық қауіпсіздік стандарттарына сәйкестігін тексереді. Терең талдау үшін «сыртқы құқықтық кеңесшілерді тарту мүмкіндігі» де қарастырылған екен. Сараптамалар нәтижесінде жоба мақұлданады немесе бас тарту туралы жазбаша шешім қабылданады. Жалпы, құжат көп сұралса, қаржыландырудан бас тартудың себептері де көбейетіні белгілі.

Мысалы, ҚДБ-ның қызметі нәтижесінде бүгінге дейін жалпы құны 12,9 триллион теңге инвестиция салынған 182 жобаны, 131 экспорттық операцияны қаржыландыру мақұлданды. Оларға жалпы сомасы 6,9 триллион теңге арзан заем берілген екен. Банк құрылғалы 137 инвестжоба қолданысқа енгізілген. 33 990 жұмыс орны ашылды.

ҚДБ шағын топпен шектелмегенде, жетістігі бұдан да жоғары болар ма еді? Өйткені кредиттеген инвестициялық жобалары көбіне үш өңірде шоғырланған: Астанада — 16 жоба, Алматы қаласында — 11, Павлодар облысында — 9 жоба. Өзге өңірлерде 3-5 жоба ғана қаржыландырылды. Ал БҚО-да, Ақтөбе, Түркістан облыстарында — бар-жоғы 2, Ұлытау және Жетісу облыстарында — бір ғана жоба ҚДБ-ның шапағатын көре алды.

Мұның сыртында ҚДБ триллиондаған ел қаржысын негізінен үш салаға ғана бағыттапты. Атап айтқанда, металлургия өнеркәсібі жобаларының үлесі — 26,92%, мұнайды өңдеу өнімдері өндірісінің еншісі — 17,52%. Тау-кен өнеркәсібіне — 12,51% тиесілі. Басқа сектордың, соның ішінде машинажасау, өңдеу және тамақ өнеркәсіптерінің үлесі мардымсыз, бірер пайыз ғана.

Қазақстанның даму банкінің сайтында 2024 жылы тек 6 жоба мақұлданып көрсетілген. Ең көп қаржы — тұтас миллиард доллар биыл «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясына берілмек. Кредиттік желі 10 жылға ашылған, қаражат доллармен және қытайлық юаньмен тартылған. Пайыздық ставкасы — құбылмалы. Бұл қаражат республикалық маңыздағы жалпы пайдаланатын автокөлік жолдарын қалпына келтіруге жұмсалмақ. Құжаттамада айтылғандай, трассаларды салу, реконструкциялау жұмыстарына «ҚазАвтоЖол» ақша шығармайды, жобаны қаржыландыруды толығымен ҚДБ өз мойнына алып отыр.

— Президент тапсырмаларын орындау және экономикалық өсімді қамтамасыз ету жөніндегі Үкімет жоспарын іске асыру үшін «Қазақстанның даму банкі» АҚ жалпы ұзындығы 5 мың шақырымнан асатын республикалық маңызы бар автожолдарды қалпына келтіру инвестжобасын қаржыландырады. 450 миллиард теңге мөлшеріндегі ұзақмерзімді несиелер қаражаты «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ-ға тиісті келісім шеңберінде бөлінді. Бұл шараларды 2024-2027 жылдар аралығында іске асыру жоспарланып отыр, — деп хабарлады Үкіметтің баспасөз қызметі.

Аталған жоба Қазақстанның барлық аумағында іске асырылады. Облыс орталықтарын Абай, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Жетісу, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан және Ұлытау облыстарының елді мекендерімен байланыстыратын ішкі жолдарды да, республикалық трассаларды да қалпына келтіру жоспарланған.

Сонымен қатар биылғы тасқын салдарлары қайталанбауы үшін жолдардағы су өткізгіш құбырлардың апатты көпірлері қайта жаңартылады. Сондай-ақ жаңа трассаларға ауыр көлікті жібермеу үшін жолдардың қалпына келтірілген учаскелерінде көліктердің салмағы мен көлемін өлшеудің автоматтандырылған жүйесін іске қосу көзделген.


2024 жылы ҚДБ-дан алған кредит көлемі бойынша екінші тұғырға «Қазақстанның электрліз зауыты»

АҚ көтерілді. Оның қожайындары — еуразиялық үштік: олигархтар Патох Шодиев, Александр Машкевич және миллиардер Аиджан Ибрагимовтың жесірі — Мукадасхан Ибрагимова.

Оларға Қазақстанның басты қаржылық институты 178 миллион доллар ұстатпақ (85 млрд теңгеден астам). Бұл арзан (ставкасы 5yLPR+1,99%) несиені олар асықпай 10 жыл бойы өтейді. Заемшы өз тарапынан жобаны жүзеге асыруға 36 млн доллар төл капиталын құяды. Осы қаржылар елімізде «Хромтау» жел электр стансасын салуға жұмсалады. Республикада қуат тапшылығы туындай бастағаны біраздан айтылып жатқанын ескерсек, бұл жоба елге маңызды болуы мүмкін.

Биылғы жобалардың үштігін «Саламат» компаниясы ЖШС түйықтады. ҚДБ оған 5 миллиард теңге кредитті жылдық 6,38% ставкамен қысқа мерзімде берді. Компания қарызын 2026 жылғы 25 мамырда қайтаруға міндетті. Қаражат «Саламатқа» өз өнімімен экспорттық нарықтарға шығу үшін қажет екен. Фирма тауарларын Қытай, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Ауғанстан, Түрікменстан мен Иракка сатады.

Оған қарағанда «Макинский Завод Теплоизоляции» ЖШС-ның кредиті арзандау: биыл 5,7% ставкамен және 18 айға 1 миллиард теңге несиелен ала алды. Осы жылғы қалған екі жобаға небәрі 105 миллион теңгеден ұсы-



нылған. Қос жобаның басшысы біреу: Бахтияр Сұлтанбекұлы Оспанов деген адам. Ресми дерек бойынша ол 2021 жылы «Бәйтерек» холдингінің еншілес кәсіпорны «Қазпрокаржы» АҚ-ының басқарма төрағасының орынбасары болып істепті. ҚДБ-ның да жалғыз акционері — осы «Бәйтерек» екені мәлім.

## ЖӨНСІЗДІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ, ЕНДІ ШАРА ҚАЖЕТ

2024 жылдың аяқталып қалғанын ескерсек, 6 жобаны азыну әбестік болмас. Мемлекеттік аудиторлардың қатаң сынынан кейін ҚДБ-дағылар аяғын аңдап басып, несиелендіруді мүлдем азайтып жібермесе болғаны. Өйткені бытыр бұл мемлекеттік банк әлдеқайда батыл қимылдап, жыл бойы 26 жобаны қаржыландырған еді.

2023 жылы жеңілдікті кредиттің қызығын көргендердің бірі — Alageum Group, қожайыны Сайдулла Қожабаев.

Ол ҚДБ-дан бірден бірнеше кредитті қанжығалады: Орал трансформатор зауытын экспорталды қаржыландыру үшін — 7 миллиард, Кентау трансформатор зауытын экспорталды қаржыландыру үшін — 3 миллиард теңге несиені иеленді.

Аз шоғыр топқа кіретін «таңдаулылар» қатарынан олигарх Серікжан Сейтжанов қара көрсетіп тұрады: өзге жылдарды айтпағанда, былтырғы жылы ол Қазақстанның даму банкінің талабын қанағаттандырып, төл төрт жобасына жалпы есебі 90 миллиард теңгеге жуық несиелен қол жеткізді. Мысалы, Түркістан облысында қаустикалық сода, ПВХ, кальций карбидін өндіретін зауытын салуға — 64,5 млрд, натрий цианидін өндіретін зауытын екінші кезегін тұрғызуға — 17 млрд, Talas Investment Company мен «Стандарт Цемент» компанияларын экспорталды қаржыландыруға — 3 млрд теңгеден алған.

Былырғы жыл қорытындысында ҚДБ-ның игілігін көрушілер қатарына Мәжілістің бұрынғы төрағасы Нұрлан Нығматулиннің екі ұлы — Нұрхан мен Нұржан, «Қазақмыс» қожайыны Владимир Ким, Эдуард Огай және басқа да белгілі ығай мен сығай бар. Сарапшы О.Байілідинов Қаржы институтының саясатын түсінуге болатынын айтады: ол ірі жобаларды қаржыландыру керек, ал ондай алып жобаларды іске асыруға тек ірі қаржылық-өнеркәсіп топтарының тісі батады.

Жоғары аудиторлық палата-сының сыны да түсінікті: ҚДБ артықшылық берілген топтарды қаржыландырады, ал өзге өтінімдерді қарау рәсімдері баяу. Палата өнеркәсіптік-инновациялық саланы мемлекеттік ынталандырудың тиімділігіне жүргізілген аудитін қорытындылады. Оның нәтижесі көңіл көншітпейді.

Мемлекеттік аудит көрсеткендей, экологиялық және инновациялық маңызы бар жобаларды қаржыландыру үлесі төмен. Сондай-ақ дайын өнімдер, жеңіл және фармацевтикалық өнеркәсіп сияқты басымдыққа ие бағыттар қолдау шараларымен қамтылмаған. Бұдан бөлек, жеңілдетілген қаражат түпкі алушыларға ұзақ жетеді, бұл жалпы мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігіне теріс әсер етуі мүмкін.

ұлғайтуға ынтасы жоқ. Салдарынан, қолдау көрсетілген кәсіпорындардың жалпы экспорттағы үлесі 2020 жылдан бері екі есеге, яғни 9,1%-дан 4,5%-ға дейін құлдыраған. Ал Қазақстанның даму банкінің миссиясы — өңдеу өнеркәсібінің экспорттық әлеуетін ілгерілету», — деді Ә.Смайылов.

## БАНК НЕГЕ БАС ТАРТАДЫ?

Қазақстанның даму банкі бұл айыптауға қатысты әзірге қандай да бір мәлімдеме жасамады. Бірақ оның өкілдерінің айтуынша, ҚДБ іріктелетін жобаларға жоғары талап қояды. Биік талаптарға жауап бергендері қаржыландыруға ие болады. ҚДБ экспорттық операциялар бағытындағы банкірі Гүлмира Жұмабаеваның айтуынша, несиелендіруге ұсынылған әрбір жобаға алдын ала талдау жүргізіледі. Оның барысында жобаның экономикалық қауіпсіздігі, маркетингтік дайындығы, заңнамалық талаптарға және ҚДБ нормаларына сәйкестігі бағаланады. Бұл кезең «Индикативтік талдау» аталады.

— «Индикативтік талдау» кезеңінен табысты өту үшін мәмілеге қатысатын барлық тараптың құрылтайшылық және қаржылық құжаттары дұрыс болуы, толық топтамасын ұсынуы қажет. Сондай-ақ бизнес-жоспар, жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі, орналасатын жер учаскелеріне қатысты құқық белгілейтін құжаттары, қызметті жүзеге асыруға рұқсат құжаттары, жобалық келісімдер, кепілмен қамту құжаттары болуға тиіс. Кәсіпорын ашыла сала жабылып қалмай, тұрақты жұмыс істеуі үшін қажетті шикізатты сатып алу көздері, коммерциялық ұсыныстары көрсетілуі қажет, — деді Гүлмира Жұмабаева.

Бұл кезеңнің ұзақтығы 35 жұмыс күнін құрайды. Алайда «тараптардың өзара ынтымдастығы бұл мерзімді елеулі қысқартуы мүмкін» екен. Сондай-ақ соңғы өзгерістер, бизнес-про-

ҚДБ өзі қаржыландырып біраз жоба экономиканы өркендеуіне, елдің ұлттық қауіпсіздігін нығайтуға үлес қосып жатқанын алға тартты. Мысалы, ол несиелендірген тамақ өнеркәсібінің стратегиялық маңызды жобалар халықты азықтан тарықтырмауға, мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін арттыруға қызмет етеді. Ішкі нарықтың жағдайын жақсартып, жергілікті өндірушілер үшін жана мүмкіндіктер ашды, бәсекелестікті және қазақстандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін арттырады, сонымен бірге елдің экспорттық әлеуетін дамыта түседі.

Батығы жолға қойылған компаниялармен жұмыс істеу оңайырақ болса керек. ҚДБ отандық тамақ өнеркәсібінің нәтижелі дамытуға үлесін жарқын мысалы ретінде RG Brands ЖШС-ын атады, ол сусындар мен тамақ өнімдерін өндіру бойынша көшбасшылардың бірі. Сондай-ақ «Масло-Дел» ЖШС жоғары сапалы сүт және май өнімдерін өндіреді, «Баян Сүлу» АҚ-ы — кәмпіт-шоколадтарын шетел тұрғындары да сүйсіне жейтін ірі кондитерлік фабрикаға айналды. Ал «Кус&Вкус» бренді бар «Макин құс фабрикасы» ЖШС салқындатылған құс етімен қазақстандықтарды қамтамасыз етіп, шетелге экспорттың ілгерілетеді.

## ТАҢДАУЛЫЛАР ТОБЫНА ТАҒЫ КІМДЕР КІРЕДІ?

Атап өтер жайт, мұндағы басты әңгіме — мемлекеттік банктің негізінен «сыралғы» серіктестерінің аз шоғырының жобаларын қаржыландыруында. Бір жағынан, ҚДБ арзан несиелендіру кәсіпорындар да жұмыс орындарын ашып, шикізат өңдеп, мол салық төлеп, Қазақстанның дамуына ықпал етеді. Бірақ мемлекеттік банктің олармен шектелмей, басқа жобаларды белсендірек қаржыландыруға иліктірген маңызды. Жоғары аудиторлық палатаның діндеген мақсаты да осы.



## БЕЛЕС

24 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕЙСЕНБІ



— Сіздіңше, Қазақстан үшін АЭС салудың маңыздылығы не?

— 2009 жылдан бері Қазақстан табиғи уран өндіру көлемі бойынша әлемде бірінші орынды иеленіп келеді. 2022 жылдың қорытындысы бойынша уран өндірісі 21,3 мың тоннаны құрады. Екінші орында — Канада, үшінші орында — Намибия және төртінші орында көршіміз — Өзбекстан. Ғылыми түрде дәлелденгендей, АЭС құрылысына алғашқы шығындарды есептегенде, ядролық энергетика — ең экономикалық тиімді энергетикалық шешімдердің бірі. Мұндағы электр энергиясын өндіру бағасы газ, көмір немесе мұнай пайдаланатын ЖЭО-ға қарағанда әлдеқайда төмен. Сондай-ақ бұл оң экономикалық әсерді тек жанар-жағармайдың аталған түрлері стансалар маңында орналасқан жағдайда ескеру қажет.

— АЭС салудың еліміз үшін стратегиялық және экономикалық тиімділігі қандай? Ол өзін ақтай ма? Экологиялық зардабы жоқ па?

— Атомдық стансалар — бұл ауа райы жағдайларына тәуелсіз энергия көзі. Күннің уақытына, жыл мезгіліне, бұлттылыққа, жаңбырға, желдің күшіне және толқындардың биіктігіне қарамастан, сенімді жұмыс істейді. Бұл «жасыл» шешімдерге, мысалы, күн және жел энергиясына қарағанда, инвестицияның жақсы қайтарымын қамтамасыз етеді.

АЭС салудың тағы бір дәлелі — экологиялық фактор. Бүгінде бұл біздің еліміз үшін өте маңызды, өйткені көмірмен, табиғи газбен жұмыс істейтін электр стансалары атмосфераға көмірқышқыл газын шығарады. Бұл парниктік әсері күшейіп, жер атмосферасының қызуына, климаттық өзгерістерге әкеледі. Біз қазірдің өзінде бұл әсерлерді сезінудеміз: ауа райының өзгеруі, әлемдік мұхит деңгейінің көтерілуі және басқа да құбылыстар болуда. Атом электр стансаларында көмірқышқыл газ шығарындылары өте аз. АЭС өндірген энергия көлемімен салыстырғанда, атмос-

фераға басқа энергия көздерінен бөлінетін парниктік газдар аз болады.

— Осыдан 10 жылдан астам уақыт бұрын елімізде «жасыл экономикаға» қошу тұжырымдамасы қабылданғаны белгілі. Осы тұжырымдамаға сәйкес қажетті энергияның жартысын жанартылған қуат көздерінен (жел, күн, су), яғни елдегі балама қуат көзінің үлесін 2030 жылға қарай 15 пайызға, ал 2050 жылға қарай 50 пайызға жеткізу көзделген болатын. Сіздің ойыңызша, қазір бұл тұжырымдаманың орындалуы қалай жүзеге асып жатыр?

— Қазақстан үшін климаттың өзгеруімен күресу басым бағыт болып саналады. Сондықтан 2016 жылы еліміз Париж келісіміне қол қойып, 2030 жылға дейін парниктік газдар шығарындыларын 1990 жылғы деңгейден 15%-ға төмендету міндетін алды. Сонымен қатар Президент өз Жолдауында басты міндеттердің бірі ретінде 2060 жылға қарай көміртекті бейтараптыққа қол жеткізуді белгіледі. Қазір еліміз бірнеше энергия түрлерін, атап айтсақ, жылу энергетикасын, гидроэнергетиканы, жанартылатын энергетиканы, жел энергетикасын және күн энергетикасын пайдаланады. Бұл дегеніміз — Қазақстанда көмірмен жұмыс істейтін электр стансаларының орнын баламалы энергетика көздері ауыстыруы керектігін білдіреді. Алайда әлемде ең сенімдісі, тұрақтысы, әрі ең дамығаны — атом энергетикасы екені даусыз.

— Ал АЭС-ті салуға, оны дұрыс пайдалануға отандық мамандардың әлеуеті жете ме? Елімізде атомды бейбіт мақсатта пайдаланудың алғышарттары қандай деп ойлайсыз?

— Қазақстан табиғи уран қоры бойынша әлемде Аустралиядан кейін екінші орында тұр және 700 мың тонна уранға ие. Көріп отырғаныңыздай, бізде АЭС салуға барлық жағдай бар. Дүниежүзілік ядролық қауымдастықтың есептеулері бойынша, Өзбекстан Республикасының қойнауында 140 тонна уран рудасы бар. Бұл елді пайдалы қазбалар қоры бойынша әлемде оныншы орынға

## ЕҢ БАСТЫСЫ – ДҰРЫС ТАҢДАУ ЖАСАУ!

Қазақстан үшін АЭС салудағы маңызды фактор – қауіпсіздік. Халық та алдымен атом қуатын энергия көзі ретінде пайдаланудың экономикалық және экологиялық тиімділігі қандай деген сұрақтарға қызығушылық танытып отырғаны жасырын емес. Сондықтан біз елімізде атом электр стансасын салудың артықшылықтары туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимовке бірқатар сауал қойған едік.

шығарады. Айтпақшы, Өзбекстанда алғашқы АЭС-ті іске қосу 2029 жылға жоспарланған. Сарапшылардың болжамы бойынша, 2050 жылға қарай Өзбекстанның электр энергиясына қажеттілігі екі есеге өседі.

Сол сияқты Қазақстан қазірдің өзінде электр энергиясының тапшылығын сезінуде және оны көршілес елдерден импортуға мәжбүр. Бұл тікелей жана өндірістерді іске қосуға, жұмыс орындарын құруға әсер етеді және бизнестің дамуы тежелді.



Электр энергиясы үздіксіз жұмыс істегенде, оның өзіндік құны ең төмен болады. Қазір бұл адамзат үшін басты мәселелердің бірі. Сонымен қатар АЭС салатын барлық компания 60 жылға кепілдік береді. Алайда тәжірибе көрсеткендей, АЭС кем дегенде 80 жыл жұмыс істейді. Ал әрі қарай оны 100 жылға дейін ұзартуға болады. Атом энергиясы — бұл энергияның орасан зор көзі. Бар болғаны 1 келі уран 4%-ға байытылған жағдайда, шамамен 100 тонна жоғары сапалы көмір немесе 60 тонна мұнай жағумен бірдей энергия береді.

Тағы бір маңызды артықшылық — қалр мәселесі. Атом электр стансасын салу

кезінде шамамен 8 мың адам жұмыспен қамтылуы мүмкін, ал болашақта оның жұмыс істеуінде шамамен 2 мың маман қызмет атқарады. Халықтың оң шешімі елдегі еңбек нарығына және елдің дамуына оң әсер етеді деп сенемін.

— Дегенмен АЭС радиоактивті қалдықтарсыз жұмыс істемейтіні шындық, оны қайта өңдеу және сақтау әлемдік деңгейде әлі де шешімін таба қойған жоқ. Сіздіңше, Қазақстан радиоактивті қалдықты қайда, қалай сақтамақ?

— 6 қазанда өтетін референдумда халықтың таңдауы маңызды екені түсінікті. Жалпы, референдумға дайындық жұмыстары қалай жүргізіліп жатыр?

— Елдегі саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар 4 қыркүйекте АЭС құрылысына қолдау білдіріп, Халықтық штабка бірікті. Штабка 6 саяси партиядан 250 өкіл және шамамен 20 республикалық қоғамдық бірлестік кірді. Штаб отырыстарының бірінде Парламент Мәжілісінің Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов Қазақстанның 2060 жылға қарай көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу міндеттемелерін қабылдағанын атап өтті. Яғни, болашақта біздің көмір технологияларын қолдану арқылы өндірілген тауарларымызға әлемдік нарықта қосымша салық салынатын болады. Қазір еліміздегі электр энергиясының 70%-ы көмір стансаларынан алынатынын ескерсек, бұл тұрғыда АЭС отандық тауар өндірушілер үшін әлемдік нарыққа шығудың трамплині болады. Сондықтан елорда тұрғындарына үндеу жасағаны келеді. АЭС құрылысы бойынша республикалық референдумға белсенді қатысуға шақырамын. 6 қазанда біз бәріміз ел тағдырын келесі ондаған жылдарға айқындайтын маңызды шешім қабылдаймыз. Біз шынымен үлкен әрі жауапты таңдаудың алдында тұрмыз!

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан  
Тлегүл ЕСДӨУЛЕТ

## ҚҰРЫЛЫС САПАСЫ БАҚЫЛАУДА



Шымкент қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы құрылыс саласындағы заңбұзушылықтарды қатаң бақылауда ұстап отыр. Жыл басынан бері 645 құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталуы туралы хабарлама тіркелсе, оның ішінде 81-і бюджет қаражатымен, 564-і жеке қаржыландырумен жүзеге асқан. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Шымкент қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасының басшысы Мерлан Керімжанов баяндады.

Назгүл НАЗАРБЕК,  
Шымкент қаласы

Құрылыс нысандарының пайдалануға берілуіне қатысты 781 өтініш қаралып, оның 189-ы оң шешім тапқан. Сонымен қатар басқарма жыл басынан бері 130 нысанда тексеру жүргізіп, нәтижесінде 96 нысанға бұзушылықтарды жою туралы нұсқама берілген.

Құрылыс сапасына қатысты да 19 нысан бойынша әкімшілік хаттамалар толтырылып, айыппұлдар өндірілген. Сонымен қатар үлестік қатысу заңнамасын бұзған 9 тұрғын үй кешеніне де айыппұл салынған.

Сонымен қатар қаладағы көпқабатты тұрғын үйлердің басқару жүйесі жаңарып, 1 172 тұрғын үй басқару нысаны ретінде тіркелген. Оның ішінде, 142 тұрғын үйде мүлік иелері бірлестігі (МИБ) құрылып, 1 030 үйде жай серіктестік (ЖС) жұмыс істеп жатыр. Бұл реформалар тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға және үйлерді тиімді басқаруға бағытталған.

Мерлан Әбдірахманұлының айтуынша, қалада құрылыс жұмыстарын заң талаптарына сай жүргізу күшейіп, 2024 жылы лицензия алу бойынша 609 өтініш қаралып, 76 лицензия берілген. Сонымен қатар сарапшылық жұмыстарды орындау үшін 43 сарапшыға аттестат берілді, бұл құрылыс сапасын арттыруға көмектесуде.

Сондай-ақ қаланың кондоминиум нысандары «Е-Шанырақ» ақпараттық жүйесіне толықтай енгізіліп, техникалық паспорттар цифрландырылды. Бұл тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты басқаруды жеңілдетуге және айқындылықты қамтамасыз етуге септігін тигізуде.

Жалпы, Шымкенттегі бұл реформалар қала тұрғындарына сапалы қызмет көрсетуді арттырып, құрылыс және тұрғын үй саласындағы басқару жүйесін жана деңгейге көтеруде.

Шымкент қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы газ техникалық инспекция бөлімінің қызметкерлері және басқа да ұйымдардың қатысуымен қала тұрғындарына газбен байланысты қауіпсіздік шараларын түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

Дөңгелек үстел өткізілді және 53 500 дана жадынама таратылған.

Үй ішілік газ құрылғыларына қызмет көрсету мекемелерімен (ВДГО) 109

iKomek ситуациялық орталығы арқылы интеграция жүргізілді. Тұрғындар осы орталыққа хабарласып, ВДГО қызметтері мен сыни ескертпелер туралы ақпарат ала алады. Сонымен қатар «ҚазТрансГазАймақ» АҚ арнайы видео роликтер таратуға, ал газ бақылаушылар қауіпсіздік туралы жадынамаларды үй-үйге таратуға.

Газ және газбен жабдықтау қауіпсіздігі бойынша заң талаптарын бұзу фактілері аясында 2024 жылы 88 адам жауапкершілікке тартылып, жалпы айыппұл сомасы 1 212 822 теңгені құрады.

Сонымен қатар Шымкент қаласында лифтілердің қауіпсіздігі мен тұрақты жұмысын қамтамасыз ету мақсатында бірқатар шара жүзеге асырылып жатқанын айта кеткен жөн. Қалада жалпы 1 233 лифт бар, оның ішінде 941-і тұрғын үйлерде, 58-і денсаулық сақтау мекемелерінде, 50-і мектептерде, ал 184 лифт сауда орталықтары мен қонақүйлерде орналасқан.

Жыл басынан бері 70 лифтке комиссиялық сынақтар өткізіліп, 69 лифт ресми тіркеуге қойылды. Қазір жүк көтергіш құралдарды тіркеу Egov.kz порталы арқылы электронды түрде жүзеге асырылуда.



Лифт шаруашылығының жаңғыртылуы да назардан тыс қалған жоқ. Үкіметтің «Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023—2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» аясында жергілікті бюджет есебінен осы жылы 24 лифтіні жанарту жоспарланып отыр. Бұл жұмыстарға «Тұрғын үй Шымкент» ЖШС жауапты.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қызмет көрсетуші мекемелердің жауапкершілігін арттыру мақсатында, тұрғындардан келіп түсетін шағымдар мен өтініштер iKomek 109 байланыс орталығымен интеграцияланған. Нәтижесінде, лифтілердің тоқтап қалуы немесе ішінде адам қалып қою жағдайлары тіркелген жағдайда, қызмет көрсетуші мекемелер жедел әрекет етіп, мәселелерді уақтылы шешуге міндеттелген.

Қала әкімдігі бұл бағыттағы жұмыстарды тұрақты бақылауда ұстап, тұрғындардың қауіпсіздігі мен жайлылығын басты назарда ұстап отыр.

Шымкент қаласының билігі құрылыс саласындағы тәртіпті нығайтуға және заңбұзушылықтардың алдын алуға бағытталған жұмыстарын жалғастыра бермек.



## КӨКЕЙКЕСТІ

ДӘРІ ДЕ,  
ДӘРІГЕР ДЕ ЖОҚ

Атырауда қазір дәрігер де, дәрі де тапшы болып жатыр. Әңгіме – аллергия хақында.

**А** Баян ЖАНҰЗАҚ,  
Атырау облысы

Жаз басталысымен атыраулықтар алысатын аллергия әдетте қазанға дейін жалғасады. Көзі жасаурап, түшкіріп, түрлі тамшылармен өз-өзін емдеп жүрген атыраулықтар аллерголог мамандардың жетіспейтініне наразы.

Асхат Әбдікәрім – аллергиямен алысып жүрген атыраулықтың бірі. «Називинмен» әбден достасқан ол, бір айда бұл дәрінің 2-3 құтысын тауысатынын айтады. «Жылына екі маусым бойы мұрным бітіп, құлағым қышып, түшкіре бастаймын. Көзім жасаурағаны – өз алдына. Осылай өз-өзіммен алысып жүргенімде жаздың да, күздің де қалай өтіп кеткенін байқамай қаламын. Аллергия тұқым қуалайтын ауру болып шыққаны оңай болмай тұр. Екі жасқа енді толатын балам бар. Алты айынан бастап, ауруханадан көз ашпай келеді. Екі апта сайын, қолқасы бітіп, бүкіл антибиотикті алып болды. Дәрігерлер оған аллергия деп диагноз қойды. Кейін ол ауру асқынды, аллергия фонындағы бронхиалды астмаға ұласты. Осы бала үшін енді қаланы ауыстыру керек болып тұр», – дейді атыраулық Асхат Әбдікәрім.

Атырау облыстық аурухананың штаттан тыс аллерголог дәрігері Гауһар Сембиеваның айтуынша, аллергия оңай емделе салатын дерт емес. Және адам организмді сезімтал болса, ауаның құрамына, күннің, тіпті шаң-тозаң, өсімдік пен тағам, дәрі-дәрмек пен бояғыш заттардан да аллергия пайда бола береді.

Аллергияға шалдыққандардың балаларына да бұл ауру «үйір» келеді. Яғни, дерт тұқым қуалайды. Екінші фактор – экологиялық ахуал салдарынан жүре пайда болады. Негізінен, адамға көз, мұрын, қолқа арқылы білінгенде өз бетімен дертке диагноз қойып, дәрігердің нұсқауынсыз дәрі пайдалану дұрыс емес. Көздің өршіп кетуіне көбінесе осы жағдай себеп болады. Шілде мен тамызда жусан, амброзия сынды табиғи өсімдіктер гүлдегенде тозаны адамның мұрны мен көзіне түсіп, ауру туындатады. Немесе темекі мен химиялық қоспалар бар заттарды қолданғаннан да өршуі мүмкін. Бір байқағаным, Атырауда аллергия көбінесе өсімдіктен жұғалды. Өсімдік әбден пісетін шілде-қазан айлары аралығында кесел де күшейеді. Оның түрі де сан алуан. Мысалы, дәл қазір маусымдық аллергиялық ринит немесе аллергиялық конъюнктивит өршіп тұр. Одан емделу түрі де әртүрлі. Әуелі науқастың ауыру себебін, сосын қандай шөпке аллергиясы барын анықтау үшін арнайы лабораторияға қан тапсырады. Алайда біздің ауруханада мұндай құрылғылар болмағандықтан, жекеменшік клиникаларға жібереміз. Ауру ұшығып тұрған дәл қазіргі уақытта еш нәтиже бермейтіндіктен, ем-дом көбінесе қыс айларында жүргізіледі. Ал қазір талдау нәтижесі бойынша

түшкіру, мұрын бітелу, көздің жасаурағанын дәрінің көмегімен тоқтатуға болады. Қыста арнайы терапиядан өткен науқас мүлде сауығып кетпегенімен, келесі жылдың осы маусымында аллергиядан жеңіл өтеді. Одан сауығудың тағы бір жолы – климат ауыстыру», – дейді аллерголог дәрігері Гауһар Сембиева.

Мамандардың айтуынша, мұндай сұйық дәрілер үнемі қолданғандықтан, мұрын қуысын бітеп, қабыну процесін туындатады. Уақытша жеңілдік әкелетін күшті гормоналды дәрілердің әсерінен ағза одан сайын әлсіреп, ақыры дәріге әбден үйреніп кетеді. Атышулы тамшылардың басқа керемет пайдасы болмай шықты. Сондықтан да мамандар емдеу шараларының барлығын медициналық



**Маусымдық аллергиялық реннит кезінде қолдануға болмайтын тағам түрлері:**

- көкөністер (қауын, қарбыз, т.б.);
- цитрусты жемістер (апельсин, банан, мандарин, т.б.);
- шоколад, кофе, какао, қант;
- теңіз өнімдері, құс еті, қақталған тағамдар;
- сүт, бал, алкогольды және газдалған сусындар;
- картоп чипстері мен қытырлақ нан.

мекемеде аллергологтардың бақылауымен өтуі тиістігін айтады.

Мұрынның бітелуі, көздің қызаруы немесе дененің бөрітуі. Аурудың алғашқы белгілерін байқасаңыз, дереу дәрігерге көрінгеніңіз абзал. Себебі ауырғаннан гөрі, ауырмаудың жолын іздеу әлдеқайда тиімдірек. Ал аллергиясы бар адамдарға мамандар күніне бір грамм С дәруменімен, құрамында ақуыз, май, көмірсутегі бар тағамдарды қабылдап, бөлмені жел-

детіп, ауасын жиі тазартып тұруға, ортақ заттарды пайдаланбауға кеңес береді.

Атырау облыстық Денсаулық сақтау басқармасынан білгеніміздей, мемлекеттік медициналық ұйымдарда жалпы 6 аллерголог маман бар, бүгінгі күні 2 аллерголог бала күтімі демалысында.

6 айдың қорытындысы бойынша, аллергиямен есепте тұрған 2 928 пациент, оның ішінде 865 бала бар. Яғни, 3 000-ға жуық науқасқа әйлік Атырауда небары 4 аллерголог маман қызмет көрсетіп жатыр. Бұл аз ба, көп пе, оны өзіңіз бағамдай беріңіз.

Ащы да болса шындық, Атырау облысында қазір 100-ден астам дәрігер жетпейді. Тапшы мамандардың қатарында балалар невропатологі, балалар кардиохирургы, анестезиолог, гинеколог, реаниматологтар бар.

Қазақстанда жыл сайын 5 мыңға жуық маман оқу бітіреді. Бірақ олардың

өңірлерге барып жұмыс істеуі үшін әлеуметтік мәселелері жолға қойылуға тиіс.

Рас, Атырау облысы әкімдігі медициналық оқу орындарымен меморандумға отырып, жас медиктерді өңірге тарту үшін белгілі бір әлеуметтік жеңілдік пакеттерін жасақтауда. Бірақ маман тапшылығын дер кезінде шешуге бұл қадамдар да жеткіліксіз болып жатыр.

## ДАМУ

4 МЫҢ ПӘТЕР  
БЕРІЛЕДІ

Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі республикалық референдумнан кейін Президент әділдік идеясы еліміздің мемлекеттік саясатының өзегі болуға тиіс екенін атап өткені есімізде. Әлеуметтік әділдіктің ең негізгілерінің бірі – халықтың әл-ауқатын арттыру екені айдан анық. Тұрмыс дұрыс болуы үшін бірінші кезекте тұрғындарды баспанаман қамтуға баса назар аударылғаны жөн.

**А** Болат АБАФАН,  
Жетісу облысы

Осы орайда Жетісу облысында жыл сайын мыңдаған жан баспаналы болып жатқанын айта кеткен жөн. Тұрғын үйлер салу қарқыны быыл да жоғары деңгейде. Жыл соңына дейін өңірдегі 4 мыңнан астам тұрғын қоныстойын тойлайды деген батыл жоспар бар. Егер бұл жеке орындалса, онда облыс бойынша үй кезегінде тұрғандар саны бірден 14 пайызға азаяды. Ол үшін келер жылға дейін өңірде 350 мың шаршы метрге жуық тұрғын үй тұрғызылуға тиісті.

Биылғы 8 айда облыста 150,2 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. Қыркүйекке дейін пайдалануға берілген баспаналар жыл соңына дейінгі жоспардың 43%-ын құрайды. Сондай-ақ халықтың әлеуметтік осал топтарынан кезекте тұрғандар үшін 866 жалдамалы пәтер сатып алуға 13,4 млрд теңге бөлінген. «Самұрық-Қазына» АҚ есебінен 560 пәтерлік 9 тұрғын үй салынады. Барлығы жоспарға сай жүзеге асса, жыл соңына дейін 4 мың 117 пәтерде қоныстойын тойланады.

Үйлі болу қуанышына кенелетіндер қатарында облыстың барлық аудан-қалаларының тұрғындары бар. Солардың арасында соңғы жылдары тұрғын үй мәселесі өте күрделі жағдайда екені аталып жүрген Кербұлақ ауданының орталығы Сарыөзек ауылында үлкен істер атқарылып жатқанын айта кеткен жөн. Күні кеше тоғыз жолдың торабында орналасқан ірі елді мекенде 60 пәтерлік жалға берілетін тұрғын үй халық игілігіне тапсырылды. Жылдар бойы кезекте тұрғындар мен тозығы жеткен екі қабатты үйлерде тұрып торыққандардың және әлеуметтік осал топтағылардың арасынан бірден 60 отбасы үйлі атанды. Солардың ішінде болған, мүгедек жеткіншегін қоса алғандағы бес баланы бағып-қағып отырған көпбалалы ана Татьяна Кузинаның қуанышында шек жоқ.

– Баспаналы болғаным, қолыма пәтер кілтін ұстап тұрғаным әлі де сене алар емеспін. Осынау қуанышты сәтті өте ұзақ күттік. 8 жыл кезекте тұрдық. Енді, міне, өз үйіміз бар. Бұл – отбасымыз үшін үлкен бақыт, зор қолдау. Үш бөлмелі пәтеріміз жарық әрі кен. Енді балаларым да алаңсыз ойнап-күліп, сабақтарын оқитын болды, – дейді батыр ана.



Ауылдасымен қоса қуанған сарыөзектік тағы бір тұрғын да өздерінің жағдайына түсіністікпен қарап, жанашырлық танытқан мемлекетке алғысын жеткізуге асықты.

– Ерекше күтімді қажет ететін балам бар. 2015 жылдан бері кезекте тұрамыз. Жалдамалы пәтерде көшіп-қонып жүру бізге ауыр тиетін. Міне, бүгін көптен күткен пәтерге қол жеткіздік. Ұлымның өз бөлмесі болады. Қазіргі қуанышымды, бақытымды сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Әр шаңыраққа осындай баспана нәсіп етсін, – деген Гүлмира Қасымованың толқынысына да түсінуге болады.

Кербұлақ ауданы әкімдігінің мәліметінше, мемлекеттік тұрғын үй қорынан баспана алу кезегінде 1 600-ден астам тұрғын тіркелген. Қазіргі кезде ауданда осы мәселені шешудің барлық мүмкіндіктері қарастырылуда. Күні кеше пайдалануға берілген 60 пәтерлі тұрғын үйден бөлек, жыл соңына дейін халықтың әлеуметтік жағынан осал санатындағы тағы 100 отбасы баспаналы болмақ. Олар үшін ауданның әр ауылдық округтерінен жана жеке үйлер сатып алынады. Қазірге дейін 17 үй сатып алыныпты. Тағы 50 үйді қазан айында, қалған 33 үйді қараша айында алу жоспарланған. Осылайша, жыл соңына дейін ауданда тұрғын үй кезегі 4,4 пайызға қысқарады. Яғни, баспана кезегіндегі адамдар саны 1 467 адамға дейін азаяды. Сонымен қатар алдағы кезде тағы екі 60 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысын аяқтау жоспарланған. Оның бірі, «Самұрық-Қазына» АҚ қаражаты есебінен салынып жатқан жалгерлік үй болса, екіншісі, тозығы жеткен үйлердің тұрғындары үшін тұрғызылуға.



# МЕРЕЙ

24 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕЙСЕНБІ

Қасиетті Абай еліне келген әр адамның бойында осы елге, осы жерге деген ерекше бір жылы сезім болады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылы жарық көрген «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «Семей өңірі – қазақ тарихындағы киелі өлкенің бірі. Ұлы Абай мен Шәкәрімнің, Мұхтар Әуезовтің кіндік қаны тамған өңір айрықша құрметке лайық.

Ғұлама Абай – қазақ топырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі кеменгер. Ол күллі адамзат баласына ақыл-ойдың жемісін сыйлады.

Дүниежүзінде ғылым мен білімнің түрлі саласын дамытуға зор үлес қосып, бүкіл адамзатқа ортақ ойшыл ретінде танылған тұлғалар баршылық. Мысалы, Қытай дегенде Лао-цзы мен Конфуций, Ресей дегенде Достоевский мен Толстой, Франция дегенде Вольтер мен Руссо бірден ойға келеді. Сол сияқты шетелдіктердің бәрі бірдей Қазақстан дегенде бірден Абайдың есімін атайтындай дәрежеге жетуіміз керек. Өзге жұрт «Қазақ халқы – Абайдың халқы» деп бізге ілтипат білдіріп отырса, зор мәртебе болары анық» деген болатын.

Қай уақытта болса да жас ұрпаққа саналы тәрбие, сапалы білім беру мәселесі күн тәртібінен түсетін мәселе емес. Алдағы уақыттарда да тарихи тағлымды мол, заман көшіне ере дамыған алдыңғы қатарлы оқу орындарының бай мұрасы үлгі болары хақ. Осындай оқу орындарының қатарына, біз толық сеніммен, бүгінгі той иесі – М.Әуезов атындағы педагогикалық колледжін қоя аламыз.

Колледжі елімізге кеңінен танымал, білім беру саласының көрнекті қайраткері, ұлт жанашыры, ел мақтанышы, үлкен жүректі ұстаз, ғалым, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі Шағангүл Алдамжарқызы басқарып келеді.

Қысқаша ғана колледж тарихына көз жүгіртсек. Ол 1903 жылы далалық өлкеге ғана емес /солдай көрсетілген/, Батыс Сібірдің көптеген аймағына бастауыш мектептер үшін мұғалімдер дайындау мақсатында ашылған. Сол кезден оған Том, Тобыл, Воронеж, Орел губернияларынан және Семей мен Жетісу облыстарынан оқуға түскісі келген талапкерлер өтініш берген.

1905 жылы 1 шілдеде Семей мұғалімдер семинариясына қырғыз (қазақ) тілі оқытушысының қызметі енгізіліп, 1 тамызында бұл қызметке Нұрғали Құлжанов қабылданған. Осы кезеңнің өзінде мұғалімдер семинариясы оқушыларға жан-жақты білім берумен бірге, оларға отаншылдық рухта рухани-адамгершілік тәрбие беруге ден қойған, олар қаладағы көптеген мәдени шара, ұлттық ойын-сауық ұйымдастырған.

Мұғалімдер семинариясында еңбек еткен, білім алған көптеген жастар өздерінің қайраткерлік, ағартушылық, жазушылық, ғалымдық қадамдарын осы кезеңде бастап, алашшыл ұлт зиялы-

## КИЕЛІ БІЛІМ ОРДАСЫ

### М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІНЕ – 120 ЖЫЛ



Бұл кезең Жүсіпбек Аймауытовтың да шығармашылық дарынының ашылған кезеңі болды. Ол 1915 жылы Семейде өткен қазақтардың әдеби кешінде «Біржан мен Сара» айтысын сахналады. Өзінің өлеңдерін, алғашқы ойлы публицистік сын мақалаларын осы кезде жазды.

XX ғасырдың заңғар ғалымы, академик Қ.Сәтбаев 1914-1919 жылдары семинарияда үздік оқып, оқуын бітіргеннен кейін қазақ мұғалімдеріне арналған екі жылдық педкурста жаратылыстану пәнінен сабақ берді. Осы кезеңде қазақ мектептеріне арналған алғашқы математика оқулықтарының бірі алгебра оқулығын жаза бастады.

Мұғалімдер семинариясы 1920 жылы Халыққа білім беру институты болып қайта құрылды. 1922 жылы оның құрамынан екі педагогикалық техникум (қазақ, орыс) ашылады. 1924 жылы ол Семей педагогикалық техникумына берілді.

Техникум директоры Әбікей Сәтбаев 1924 жылы Ленинград университетінде оқып жүрген М.Әуезовті шақырып, ол

ғылым кандидаты, магистр деген ғылыми-академиялық дәрежесі, ал 28 оқытушының жоғары педагогикалық құзыретін көрсететін педагог-шебер, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы деген лауазымы бар.

Көптеген оқытушы республикалық құзырлы мекемелердің штаттан тыс тренерлері, білім мазмұнын бағалау жұмысына тартылған – сарапшы, түрлі республикалық конкурстардың жеңімпаздары немесе лауреаттары болып табылады. Бұл колледждің оқытушылар құрамының кәсіби әлеуетінің жоғары екенін көрсетеді.

2023-2024 жылдары бітірген түлектердің 99,9% жұмысқа орналасқан, бұл колледждің нарық суранысына сай бәсекеге қабілетті мамандар даярлап отырғанын дәлелдейді.

Колледжде студенттердің жақсы білім алуына бар жағдай жасалған. 4 оқу ғимараты мен білім алушыларға арналған 300 орындық 5 қабатты жатақхана бар.

Оқу ғимараттарында ІТ құзыреттілік орталығы, Абайтану, Әуезовтану орталықтары, қазіргі заманғы техникалық құралдармен жабдықталған электронды

Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында оқушылардың білім деңгейі дамыған елдерден айталықтай төмен екенін, оны көтеру үшін жүйелі және ойластырылған реформа жүргізу қажеттігін айтқан болатын.

Біз оқушылардың білім сапасын анықтайтын Халықаралық PISA зерттеуінің

керек деген қорытынды жасаған. Оның «3 жастан кейін кеш болады» деген еңбегі әлемге кең тарап, үлкен бестселлерге айналды.

Дана қазақ халқы бала тәрбиесіне қатысты «Балаңды бес жасқа дейін патшандай күт; Бес жастан он бес жасқа дейін құлындай жұмса; Он бес жастан асқан соң досыңдай сырлас» деген мақалымен Масару Ибуканың жасаған ғылыми тұжырымын екі-ақ ауыз сөзбен кең мағынада айтқанын көреміз. Біз осы мақаланың байыбына бара алып жүрміз бе, жоқ, өкініше қарай, әлі бара алмай жүрген сияқтымыз. Оны өмірден, көшедегі балаларымыздың тәрбиесінен көріп, байқап жүрміз. 5 жасқа дейін ата-ананың мол мейірімін бойына сіңіріп өскен бала бойында зор адами қасиеттер қалыптасады, ол мейірімді болып өседі, ер жеткенде басқа адамға қатыгездік жасай алмайды.

Жапония мен Оңтүстік Корея елдерінде ата-аналарға «Бала тәрбиесіне кім жауапты» деген тақырыпта үлкен сауалнама жүргізілген. Сонда 65%-ға жуық респонденттер «Тек ата-аналар ғана жауапты» деп жауап берген. Бұл елдер балаларына ұлттық рухани адамгершілік тәрбие бере отырып, орта білім сапасын жоғары деңгейге көтере білді, соның негізінде адами капиталы өсіп, ғылыми-техникалық әлеуеті жақсы дамыған елдердің қатарына қосылып отыр.

Демек, сіздер мен біздер – ата-аналар, бала тәрбиесіне ерекше мән беруіміз қажет. Қоғамда болып жатқан келенсіз жағдайларды естіп жатырсыздар. Сондықтан біздер, ең алдымен, баларымыздың қолдарында жүрген смартфондарын қалай пайдаланып жүргендерін білгеніміз жөн. Әсіресе, олардың тәрбиелеріне кері әсер ететін хабарларды көрмеулеріңіз жіті қадағалау керек.

Қазір білім беру саласында Жасанды интеллект (ЖИ) кеңінен қолданыста. Ол жана перспективалар ашып, заманауи оқыту әдістеріне тың міндеттер қойып отыр. Білім беруде ЖИ пайдалану: оқытуды дербестендіруге, яғни оқу материалдары мен әдістерін әрбір оқушының жеке қажеттіліктеріне бейімдеуге; мұғалім уақытын автоматтандыру және онтайландыруға, яғни мұғалімдерге білім сапасын жетілдіруге және оқушылармен өзара қарым-қатынаста көп жұмыс істеуге; интерактивті оқу материалдарын қолдана

соңғы 18 жылғы нәтижелерін саралай отырып білім сапасы жоғары елдерді анықтадық. Олар Сингапур, Макао (Қытай), Жапония, Оңтүстік Корея, Қытай Республикасы, Гонконг (Қытай), Эстония, Канада, Финляндия және Польша елдері. Осы елдердің білімдегі табыстылығын анықтағанымызда, олар екі ұстанымды басшылыққа алады екен: бірі – лайықты адамдар ғана ұстаз болулары керек; ал екіншісі – жастарға ұлттық

**1912-1919 жылдар семинария тарихындағы ерекше бір айшықты жылдар болды. Осы кезеңде заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезов, қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытов, Қазақ КСР Ғылым Академиясының тұңғыш президенті, академик Қ.Сәтбаев білім алды.**

**Мұхтар Әуезов өзінің алғашқы шығармашылық-ағартушылық ізденістерін осы кезеңде бастады. Ол еліміздегі тұңғыш «Ярыш» футбол командасының белсенді мүшесі болды. Ж.Аймауытовпен бірге 1918 жылы «Абай» журналын шығарып, халқымыздың тағдырына қатысты кемел ой айтып, ұлттық сананы оятуға жетелейтін көптеген мақала жазды**



ларының қатарына қосылған. Олардың қатарынан Әбікей Сәтбаевты, Мұхтар Әуезовті, Жүсіпбек Аймауытовты, Қаныш Сәтбаевты, Әлкей Марғұланды, Мұсатай Ахынжановты, Әбдіхамит Сембаевты, Шырақбек Қабылбаевты, Жакия Шәй-жүнісовты және тағы басқа атап айтуға болады.

1912-1919 жылдар семинария тарихындағы ерекше бір айшықты жылдар болды. Осы кезеңде заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезов, қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытов, Қазақ КСР Ғылым Академиясының тұңғыш президенті, академик Қ.Сәтбаев білім алды.

Мұхтар Әуезов өзінің алғашқы шығармашылық-ағартушылық ізденістерін осы кезеңде бастады. Ол еліміздегі тұңғыш «Ярыш» футбол командасының белсенді мүшесі болды. Ж.Аймауытовпен бірге 1918 жылы «Абай» журналын шығарып, халқымыздың тағдырына қатысты кемел ой айтып, ұлттық сананы оятуға жетелейтін көптеген мақала жазды.

қазақ әдебиеті тарихы, әдебиет теориясы пәндерінен сабақ берді.

Қаныш Сәтбаев осы техникумда оқып жүрген кезін еске алып: «Алған білімім үшін немере ағам, интеллигент Ә.Сәтбаевқа өзімді өмір бойы борыштымын деп санаймын» деп жазды.

Біз бұдан сол кездің өзінде техникумның педагогикалық әлеуетінің жоғары болғанын, шәкірттеріне рухани-адамгершілік мол тәрбие, сапалы білім бергенін байқаймыз.

Бүгінде М.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі – Қазақстан Республикасының жетекші техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарының бірі. Заманауи инновациялық технологияларды оқу-тәрбие үрдісіне енгізе отырып, студенттерге сапалы білім, рухани бай адами қасиет беріп отырған еліміздің беделді оқу орындарының бірі. 12 мамандық бойынша бастауыш мектеп мұғалімдері мен балабақша тәрбиешілерін дайындайды.

Колледжде 75 оқытушы жұмыс істейді, олардың 36%-ның, яғни 27 оқытушының

кітапхана, интернет залы, тігін кабинеті, слесарьлық шеберхана, спорт, ритмика, гимнастика және тренажер залдары бар. Колледжде білім алған түлектерге арналған 38 атаулы кабинет жасакталған, оларда шағын ғылыми зерттеу орталығы құрылып, студенттер зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Білім ордасында М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығына және колледж тарихына арналған мұражай жұмыс істейді. Шағангүл Алдамжарқызының басшылығымен колледж тарихына арналған 3 томдық «Алаштың білім ордасы» атты танымдық-ғылыми сипаттағы көлемді еңбек жарық көрді.

2023 жылы «Кіші сыныптарда оқыту», «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» құзыреттілігі бойынша Құзыреттілік орталығы ашылған. Мұны біз оқушылардың білім сапасын одан әрі көтеру мақсатында жасалған соны қадам деп қабылдауымыз керек.

Оқушылардың білім сапасын көтеру қоғамдағы аса маңызды проблемалардың бірі болып тұр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылы өткен

рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие беру қажет.

McKinsey&Company компаниясының ғалымдары оқушылардың білім сапасы мұғалімдердің құзыретіне қаншалықты тәуелді екенін анықтау мақсатында Американың 3 штатында көлемді зерттеу жүргізген. Нәтижесінде, 8-11 жас аралығында, кәсіби құзыреті жоғары және төмен мұғалімдерден білім алған оқушылардың білім сапаларының айырмашылығы 53%-ды құраған. Әрі қарай жүргізілген зерттеудің нәтижесінде, 11 жаста үлгерімі нашар болған оқушылардың тек 25%-ы ғана, 14 жасқа толғанда, меңгерулері қажетті стандарт талаптарына сай білім ала алған, ал 75%-ы, яғни 4 баланың үшеуі ондай деңгейде білім ала алмағаны анықталған.

Бұл оқушылардың білім сапасы олардың бастауыш мектепте алған білімдеріне тікелей байланысты екенін көрсетеді. Бұдан біз толық сеніммен, оқушылардың білім сапасының кілті – бастауыш мектеп мұғалімдерінің қолында деп қорытынды жасай аламыз.

Әлемде кең танымал «Сони» корпорациясының негізін салған, танымал ғалым Масару Ибука ғылымның үлкен жетістіктерін пайдалана отырып, жас баланың психифизиологиялық даму ерекшеліктерін зерттеген. Ол нәресте өмірге келген сәтіннен бастап 3 жасқа толғанша оның миы 80%-ға дейін толығып, оның жұмыс істеу негізі, яғни психифизиологиялық даму ерекшелігі қалыптасатынын анықтап, балаға тәрбие осы жасқа дейін берілуі

отырып, оқытуды қызықты және түсінікті етуге мүмкіндік береді.

Алайда ЖИ пайдалану кезінде бірқатар проблема кездеседі, олар: этикалық мәселелер, яғни оқушылар деректерінің құпиялығын сақтау және ол деректердің таза болуы; мұғалімдер дайындау, олар өз жұмысында жасанды интеллект технологияларын тиімді пайдалану үшін кәсіби құзыреттері жоғары болып, жана дағдыларды меңгеруге қабілетті болуға тиіс; технологияға тәуелділік, яғни ЖИ ықпалының өсуі білім беру процесінде адами факторлардың әлсіреуіне әкелуі мүмкін.

Сондықтан ЖИ білім беруге енгізудің тиімді әдістерін, ұлттық рухани құндылықтар мен оқу мақсаттарын сақтай отырып, әзірлеу қажет. Мұндай жұмыстар әлемнің жетекші елдерінде жүргізіліп жатыр. Олардың орындалуы педагог кадрлардың кәсіби құзыретіне тәуелді болатыны толық дәлелденіп отыр.

Қазіргі алмағайым, ғылым мен техника ғарыштап дамып отырған заманда қандай болмасын оқу орнының қоғам алдындағы жауапкершілігі арта түсуде. Осындай биік жауапкершілікті кәсіби әлеуеті жоғары М.Әуезов атындағы педагогикалық колледж ұжымы алдағы уақыттарда да үлкен абыроймен атқаратынына мол сенім білдіре отырып, ұрпақ болашағы, ел келешегі мақсатында табысты еңбек ете берулеріне тілектестік білдіреміз!

**Асқарбек ҚҰСАЙЫНОВ,**  
Мемлекеттік сыйлықтың иегері,  
академик



## ӨЗЕКТІ

# СТУДЕНТТІҢ НАНЫ НАРЫҚТЫҢ ӘНІНЕ САЙ МА?

Биыл 1 қыркүйектен бастап еліміздегі колледждер мен жоғары оқу орындары студенттеріне арналған шәкіртақы өсті. Осыдан бірер ай бұрын Премьер-Министр Олжас Бектенов 2024 жылғы 1 қыркүйектен бастап колледждер мен ЖОО студенттерінің шәкіртақысын арттыруды көздейтін Үкімет қаулысына қол қойған еді. Нақтырақ айтсақ, енді колледж студенттерінің шәкіртақысы 50 пайызға артып, жұмысшы мамандықтары үшін 43 574 теңге, орта буын мамандары үшін 41 896 теңгеге жетеді. Ал бакалавриат студенттерінің шәкіртақысы 20 пайызға өседі. Бұл дегеніміз, жоғары оқу орнында білім алатын студентке 47 135 теңгеге дейін шәкіртақы төленсе, педагогикалық және медициналық бағытта білім алушылар үшін ай сайын 75 600 теңгеге дейін беріледі. Интернатұрада оқитын студенттер – 85 376 теңге, ал резидентұра сатысында білім алушылар 123 122 теңге алады. Магистранттар мен докторанттардың шәкіртақысы 15 пайызға артып отыр. Магистрлер ай сайын 107 061 теңге алса, сәйкесінше докторанттар 240 000 теңгеге дейін шәкіртақыға ие болады.

**А** Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,  
Алматы қаласы

Жыл сайын шәкіртақы сомасында өзгеріс болса да, бұл студенттердің күнкөрісін қамтамасыз етуге жетпейді. Әсіресе, жатақханадан орын берілмей, пәтер жағалап жүрген студенттер үшін ай сайын төленетін шәкіртақы сомасы аздық ететін көрінеді. Одан өзге студенттің күнделікті оқу орнына барып-келу, үзіліс уақытында асханада тамақтану немесе көшедегі дүкендерде тез дайындалатын тағамдарды, фастфуд өнімдерін уақытша талғажау ету сынды қосымша шығындары тағы бар. Әрі қарай өзіңіз бағамдай беріңіз...

## ШӘКІРТАҚЫНЫҢ ӨСУІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙДЫ ТҮЗЕЙ МЕ?

Нұрбибі Алчинова – Алматы қаласындағы беделді оқу орындарының бірі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті. Биыл оқу жылы қарсаңында Нұрбибіге жатақханадан орын берілген. Алайда жатақханада тұру бағасы – шәкіртақы сомасының жартысынан астам бөлігі. Нұрбибі жатақханада өмір сүретін студенттерден өзге пәтер жалдап тұратын құрдастары үшін шәкіртақы жетпейтінін, сондықтан қатарластары сабақтан тыс уақытта кара жұмыс істеуге мәжбүр екенін алға тартады. Кейіпкеріміз шәкіртақы сомасы артқан күннің өзінде студентке қосымша табыс қажет болып қала беретінін атап өтті.

– Ай сайынғы 47 135 теңге бір ай бойы студенттің күн көруіне жетпейтіні айтпаса да анық. Мен жатақханада тұрамын. Айына 25 000 теңге төлеймін. Сонда шәкіртақыдан 22 000 теңге көлемінде ақша артылады. Ал пәтерде тұратын студенттерге бұл ақша артылмақ түгілі бір айлық пәтеракыны төлеуге де жеткіліксіз. Меніңше, шәкіртақының өсуі студенттің әлеуметтік жағдайының жақсаруына еш әсер етпейді. Бұл қанағатсыздық емес. Жыл сайын



азық-түлік, киім-кешек пен жолақысының өсу пайызы шәкіртақының көбеюінен де артық болар, – дейді ол.

Әңгіме барысында Нұрбибіден студенттің бір айлық қажеттілігін өтейтін, қазіргі нарыққа сай шәкіртақы сомасына ұсынар орташа бағасын сұрап көрдік.

– Күнделікті шығындарды ескерсек, студент ата-анасынан ақша алмай, табыс табу жолында мамандығына сай келмейтін қосымша жұмыстарға уақытын жұмсамай, тек өз саласын меңгеруге күш салып, алаңсыз оқу үшін нарыққа сай шәкіртақы көлемі де өскені дұрыс, – дейді алмағылық студент Н.Алчинова.

## «СТУДЕНТТІҢ ҚАЙ ЖЫРТЫҒЫН ЖАМАЙТЫНЫН ТҮСІНБЕЙСІҢ...»

Ал биыл бітіруші курсқа көшіп, келер жылы қолына маман екенін растайтын құжатын алғалы отырған Бағлан Тұрғанбек шәкіртақының өсуі студенттің әлеуметтік ахуалына айтарлықтай әсер етпейтінін, сондықтан көпшілігі ата-ананың қалтасына ауыр салмақ салмаудың қамымен қосымша жұмыс істеуге мәжбүр екенін атап өтті.



**Әлеуметтанушы жоғарыда атап өткен мәселелердің түйінін тарқату үшін жоғары білімді бұқараландыру сипатынан айыруымыз керек екенін айтып дабыл қағады. Сондай-ақ Рамазан Саттарұлы студенттердің әлеуметтік мәселесін шешуде мемлекеттің жалдамалы пәтер құнының төмендеуіне ықпал ете алатынын, онымен қоса жатақханамен қамтамасыз етілмеген оқу орындары ашылмауы қажет екенін жеткізді.**

– Әрине, шәкіртақының өскені жақсы. Бірақ ескеретін бірнеше жайт бар. Егер шәкіртақы 43 000 теңге болса, жуықтап алғанда жыл сайын 20 пайызға артады. Шәкіртақыға қосылатын баға шамамен 8 300 теңге. Елдегі инфляцияны ескерсек, жолақының қымбаттауын, Алматыдағы ескі, сапасы сын көтермейтін пәтерлердің шарықтаған бағасын есепке алсақ, шәкіртақыға қосылған 20 пайыз студенттің қай жыртқығын жамайтынын түсінбейсің. Қазіргі шәкіртақы мөлшері белгілі бір деңгейде студенттің базалық қажеттіліктерін өтей алады. Меніңше, айына 75–90 мың теңге көлемінде шәкіртақы алатын студент пәтеракысы мен жо-

лақысын өзі өтеп, сабаққа алаңсыз келе алады, – дейді Бағлан.

Алматы қаласындағы медициналық университеттердің бірінде білім алатын резидент Дина (ред-есімі өзгертіліп берілді) оқумен қатар 1 ставка жұмыс істеуге мүмкіндік бола бермейтінін, ал мемлекеттен берілетін шәкіртақы отбасылы студенттер үшін екі миллионнан аса халық шоғырланған алып шаһарда өмір сүруге тіптен аздық ететінін айтады. Кейіпкеріміздің сөзінше, оның қатарластары да осы күнге дейін аталған мәселені оқу орны басшылығына жеткізуге тырысқан.

– Қазір тобымызда оқитын резиденттер – 24 жастан асқан азаматтар. Сондықтан көпшілігі отбасын құрған, өсіріп отырған балалары бар студенттер. Резиденттерге ұсынылған шәкіртақы сомасы материалдық қажеттіліктерімізді толыққанды өтей алмайды. Себебі отбасылы резиденттер үйдегі бала-шағасын асырауы қажет. Тағы бір атап өткім келетін жағдай, резиденттерді көбі қызметке қабылдағысы келмейді. Қосымша жұмыс табу қиын. Алайда 0,5 ставка жұмыс істеуге рұқсат берілген. Біз резиденттерге тым болмағанда 1 ставкаға дейін жұмыс істеуге мүмкіндік берілсе немесе шәкіртақы өссе екен дейміз, – дейді білімін резидентұрада шындап келе жатқан Дина.

ге білімді мамандар қажет. Бірақ ол мамандар міндетті түрде жоғары оқу орындарында емес, сонымен қатар орта арнайы білім беретін ұйымдарда, бастапқы кәсіби білім беретін мекемелерде дайындалады. Бүгінде Қазақстанда жоғарғы білім беру сатысы бұқараландыру сипатында көрініс табады. Нақтырақ айтсақ, біз жаппай жоғары білім беруге көшіп кеттік. Шынында, біршама мамандықты ЖОО-да оқытудың қажеті жоқ. Меніңше, олар арнайы орта кәсіптік білім, алғашқы кәсіптік білім деңгейінде қалуы қажет. Біз көптеген мамандықты ЖОО-ның оқыту жүйесіне біріктіріп қойдық. Біріншіден, баланы төрт жыл бойы университетте ұстаймыз. Екіншіден, студентті шәкіртақы, баспанаман қамтамасыз етеміз. Ал баланы бір орында 4–5 жыл бойы ұстаудың нәтижесінде бюджетке салмақ саламыз. Алғашқы кәсіптік білім алып, мамандығын 2–3 жылдың ішінде игеріп шыққан бала 18 жастан бастап кәсіп иесі атанып, өзін-өзі асырай алушы еді. Ол экономиканың дамуына үлес қосады, – дейді маман.

Әлеуметтанушы жоғарыда атап өткен мәселелердің түйінін тарқату үшін жоғары білімді бұқараландыру сипатынан айыруымыз керек екенін айтып дабыл қағады. Сондай-ақ Рамазан Саттарұлы студенттердің әлеуметтік мәселесін шешуде мемлекеттің жалдамалы пәтер құнының төмендеуіне ықпал ете алатынын, онымен қоса жатақханамен қамтамасыз етілмеген оқу орындары ашылмауы қажет екенін жеткізді.

– Мынадай қымбатшылық заманда шәкіртақының өсуі, әрине орынды. Алайда шәкіртақының өсуі мардымсыз, студент үшін көлемі тым аз. Себебі шығын көбірек. Студенттің пәтеракысы, киім-кешек, күнделікті ішіп-жемі бар. Шәкіртақының артуы студенттің кішігірім жыртқығын жамуы мүмкін. Бірақ толыққанды әлеуметтік жағдайды шеше алады деп айта алмаймыз. Нарықта бағаның өсуін қалағалайтын құзырлы органдар бар. Үкімет жалдамалы пәтерлердің ай сайынғы құнының төмендеуіне ықпал ете алады. Мұны жүзеге асыру үшін жатақханаларды көптеп салу қажет. Әлі күнге дейін жатақханасы жоқ оқу орындары жабылуы керек. Шәкіртақы мөлшеріне нарыққа сай қандай баға ұсынар едіңіз деп сұрасаныз, студенттің ай сайынғы шәкіртақысын ең төменгі жалмақымен қатар беруші едім. Өйткені білім алу – үлкен еңбек. Бұл физикалық күшіңіздің арқасында белгілі бір уақыт аралығында атқарып тастайтын шаруа емес. Білім жолына түскен бала – ұдайы ізденісте жүрген студент. Оқу барысында студенттің денсаулығына зиян келетін тұстары да бар. Сондықтан осындай қиын-қыстау кезеңде жүрген білім алушының шәкіртақысы кем дегенде ең төменгі жалақымен бірдей болуға тиіс, – дейді әлеуметтанушы Р.Саттарұлы.

Білім саласы – ел болып қалыптасып, өркендетке құлаш сермеуде мемлекеттің басты тетігі. Бұл бағытты ілгерілетуде сапалы әрі өнімді жұмыстың атқарылуы маңызды. Демек, оқуға зейін қойып, көкжиегін кеңейтуді көздеген оқушылар мен студенттердің, ғылымға бет бұрған жас ғалымдардың алаңсыз білім алуы үшін мемлекет тарапынан жағдай жасалуы әр-кез өзекті болып қала бермек.

## АЙҚЫНДАМА

# TUGAN QALA

## АРМАНДАРЫҢДЫ ІСКЕ АСЫРУҒА АСЫҚ!



Биыл Tugan Qala форумы Хромтаудағы Кеншілер мәдениет үйінде өтті. Форумға мемлекеттік орган қызметкерлері, өнеркәсіп индустрия өкілдері, шараны ұйымдастырушы бастамашыл тұрғындар және форум бағдарламасын әзірлеген Дөң ТКБҚ қызметкерлері мен қазхромдықтар қатысты. 150-ге жуық адамның басын қосқан жиында тұрғындардың ұсынысы бойынша қаланың тарихи орындарына квест, Tugan Qala бастамасымен бой көтерген нысандарды тегіс қамтып, қатысушылар өздерін қызықтырған тренингтер мен шеберлік сабақтарына қатыса алды.

Tugan Qala жобасы – ERG жыл сайын облыс әкімдіктерімен арада жасалған меморандумдар аясында бөлінген кара-

жаттың қайда бағытталатынын тұрғындардың шешуіне мүмкіндік беретін бастама. Түпкі мақсат – кәсіпорындардан

түскен қаражаттың қай инфрақұрылым нысандарына жұмсалыуы тиіс екенін және қалада қандай нысандар салынатынын тұрғындардың өздері анықтап, сол арқылы қаланың дамуына тікелей өздерінің атсалысуына жол ашу.

Бастама Хромтау, Ақсу, Рудный қалалары мен Қашар және Октябрьский кенттерінде іске асырылып жатыр. Биыл Лисаковск қаласында да өтінімдер қабылданды. Жалпы, Tugan Qala жобасы 2019 жылы қолға алынды. Оның аясында бүгінге дейін 144 әлеуметтік нысан салынып, іске қосылған. Олардың қатарында балалар мен спорт алаңдары, арт-нысандар мен инклюзивті жағажай, шаңғы роллер жолы және т.с.с. бар. Tugan Qala жобасы аясындағы бастамаларды іске асыруға ERG жалпы сомасы 690 млн теңгеден астам қаражат бағыттаған.

– Tugan Qala жобалары – монокалаларды қолдау, оларды дамыту мен ондағы тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға қатысты Президент Жолдауында айтылған тапсырмалар үдесінен табылады, – деді ERG Директорлары кеңесінің төрағасы Шухрат Ибрагимов. – ERG компаниясы монокалалардағы өсім потенциалын айқын аңғарып, нақты сол жерлерге инвестиция құйып келеді. Тек соңғы 4 жылда осы қаладағы әлеуметтік бастамаларды іске асыруға 2,2 млрд теңгеден астам қаражат бағытталды.

Форум қонақтары Tugan Qala жобасының Хромтаудағы алты нысанын аралап шықты. Олар сондай-ақ қалаға арнап тілектерін арнайы баннерге жазып қал-



дырды. Қалаған адам орталық саябақтан бастап Ауған соғысы ардагерлеріне арналған ескерткішке дейін автобуспен серуендеді.

– Форумға қатысқан қонақтар көбіне 10–12 миллион теңгеге сапалы, толыққанды инфрақұрылым объектілерін іске асыруға болатынын көріп, таңғалды, – дейді форумды ұйымдастырушылардың бірі Әлеуметтік технологияларды дамыту қауымдастығының менеджері Гауһар Асылбек.

– Бұл – Tugan Qala жобасының тиімділігінің айқын дәлелі. Форум Хромтау қаласының дамуына септесіп, қала тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған. Жобаның бірегейлігі мен қаржыландыру көлемі тұрғындардың жобаларға белсенді қатысуына және олардың іс жүзінде жүзеге асуына жол ашады.

Одан бөлек, форумға қатысушыларға Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерлік, қаржы, психология, сәулет және құрылыс салаларындағы жетекші сарапшы-

лардың тренингтері мен шеберлік сабақтары жоспарланған. Мемлекеттік органдар және бизнеспен бірлесіп, қауымдастықтар құру жайлы шеберлік сабағы да бар. Форум меймандары бастаманың «Идеядан іске асқанға дейінгі» барлық сатыларымен жігі таныса алады.

– Біздің қызметкерлер мен жергілікті тұрғындар белсенділік танытып, өз бастамаларын ұсынбаса, ERG-дің Tugan Qala сынды жобалары іске аспайды. Жыл сайын бастамаға атсалысатындар қатары артып келеді. Біз армандағы қаланы бірге, ортақ іске жұмыла күш біріктіре отырып қалыптастырамыз, – деді ERG-дің Қазақстандағы бас директоры Серік Шахажанов. – Оның үстіне, біз компания қызметіне ESG-қағидастарын кіріктіру мен шағын калаларды орнықты дамытудың экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық аспектілерін жете түсінеміз.

Форум қорытындысында онлайн-байқау мен квест жеңімпаздары марапатталып, оларға естелік сыйлықтар мен дипломдар табыс етілді.



24 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕЙСЕНБІ

# «ШЫҒЫС САЛБҰРЫНЫ» – ҚҰСБЕГІЛІКТІ НАСИХАТТАЙТЫН ШАРА



Құсбегілік – халқымыздың бойына сіңген өнер десек, оны дамыту, жиі насихаттау – бүгінгі ұрпақ үшін әрі парыз, әрі дәстүр. Елорда төріндегі көшпенділер ойынында құсбегілік жоғары деңгейде өтіп, қазақстандық құс баптаушылар ерекше құрметке ие болған еді. Ендігі кезекте қазан айының 10-14 күндері аралығында еліміздің шығыс өңірінде құсбегілердің ауқымды фестивалі өтеді. «Шығыс салбұрыны-2024» фестивалін аталмыш көшпенділер ойынының жалғасы деуге бола ма немесе атап айтатын басты айырмашылығы неде?

## А Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Өскемен қаласы Ұлан ауданының мәслихат депутаты Нұртай Тілеужанға хабарласқанымызда, ол дәстүрлі түрде өтіп отырған фестиваль жыл сайын ауқымын кеңейтіп, деңгейін өрлетіп түсуі тиіс екенін атап өтті. Депутаттың айтуынша, фестивальға республиканың әр облыстарынан, одан бөлек шетелдерден, атап айтқанда Бүркітші федерациясынан, Моңғолиядан, Венгриядан, Ресейден, Испаниядан, Қытайдан бас-аяғы 130-дан астам құсбегі қатысады. Фестиваль аясында ұйымдастырылатын шараға 5 мыңға жуық турист келеді деп жоспарланған. Оларды қызықтыру мақсатында 20-дан астам киіз үй тігіледі. Шағын киіз үйлер қалашығында қала қонақтары мен туристер бүркіттер мен сұңқарлардың сайыстарын тамашалап қоймай, түйе көші, алтыбақан, садақ ату және басқа да ойын түрлерін қызықтай алады.

«Моңғолиядан көшіп келген Наркес, Горкий есімді бүркітші азаматтар 2019 жылы бүркіт балапанын ұстаған. Алматыға арнайы барып, сол 3 құсқа құжат жасаттық. Алғаш рет 2021 жылы өңірдегі 6-7 бүркіттің басын қосып, «Бүркіт тойын» жасадық. Ол кезде құсбегіліктен Үржар ауданында Қазақстан чемпионаты өтіп жатқан еді. Осыны пайдаланып, бүркітшілерді ШҚО-ға әкелуді ұсындық. Республикалық «Құсбегілік» федерациясының вице-президенті Бағдат Мүптекеқызы бұған қолдау білдіріп, құсбегілердің басын ШҚО-ға алып келді. Ол уақытта 6 мемлекеттің бүркітшілері бас қосқан болатын. Ұлан ауданында фестивальдың халықаралық деңгейде өтуі содан басталып, қалыптасу үрдісі айналды. Қазір халықаралық деңгейдегі фестивальға қатысатын қазақстандық құстың басы 150-ден аспайды. Ал Моңғолиядан бір ауылдан 150 құс жиналады. Өйткені ауылдарының барлығы дерлік бүркіт ұстап, аң аулайды. Бүгінде біз де бүркіт бабын жақсы дамыттық әрі ол туризм саласына да оң әсерін тигізуде. Биыл мұндай фестиваль 4-ші рет ұйымдастырылуда. «Құсбегілік» феде-



рациясының президенті Берік Уәли мұндай ауқымды фестивальдың бұрын-соңды болмағанын айтып алғысын білдіріп жатыр», – деді Н. Тілеужан.

Мәслихат депутатының айтуынша, құсбегілік фестивалінің аясында туризм саласының көлемін ұлғайтуға мүмкіндік көп. «Шығыс салбұрынынан» кейін басқа да облыстарда «Бүркіт тойын» өткізіп, киелі құс туралы халыққа таныстырылым өткізу жоспарланған.

«Бұл үрдісті 2019 жылы «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы шыққан кезде қолға алған едік. Алғашында облыс көлемінде өткізіп жүрдік, оның халықаралық деңгейге ұласуы көпшіліктің арқасы деп түсінеміз. Бата берсе де «Қырандай жаса қалықтап» дейтін халықтың ұрпағы болғанымыз үшін құсбегілік дәстүрін кен көлемде атау өтуге міндеттіміз», – деп сөзін түйді депутат.

Бүркіт тойында екінші қызықтыратын мәселе, жалғызбүркітпен емес, асау үйретуді, тазы ит жарысын, барлық аудан киіз құрағанда әр аудан көрме, батырларының суретін, жырларын әкеп кояды. Бүркіт тойын тамашалаған соң осы көрмелерді, салт-дәстүрмен толық танысады. 7 киіз үйге Ұлан ауданында үлкен қол-өнер, ұлттық дәстүріміздің ырымдарын көрсететін боламыз. Бір жерде өлең айтады, бесікке салады. Биылғы жаңалығым – көш



**Атамнан қалған дәстүрді қазір балаларыма үйретіп жүрмін. Одан бөлек, шәкірттерім бар. 2018 жылы Қырғызстанда өткен көшпенділер ойынында 3-ші орынға ие болып едім. Биыл көшпенділер ойынына қатысқан оқушым екеуіміз бас жүлдеге ие болды.**

көрсетеміз. Екі түйеге жүк артамыз, алдында бүркіт ұстаған бесік өңгерген келін бар, осындай көрініспен жүріп өтетін бағдарлама бар, сонымен қатар бүркіт биін билеп шығамыз деген жоспарымыз бар.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай амен жұмыс істегенімізге орай «AMANAT» партиясына есеп береміз, сол кезде осыған байланысты бүркіт тойын ұйымдастырдық.

Фестивальдың барлық қонағына өңірдің танымал гастрофирмаларынан тамақтану ұйымдастырылмақ. Жарыс бағдарламасына түрлі санаттағы бүркіттер мен сұңқарлар сайысы, «тазы» тұқымдыдағы жүйрік иттердің жарысы, «жамбы ату» және «теңге ілу» додалары кіреді.

Сонымен қатар фестиваль аясында ШҚО-ның аудандары мен қалалары халық шығармашылығы

мен ұлттық тағамдар, сусындар және бал-пантә сияқты жергілікті өнімдерді таныстыру мақсатында жаппай қатыспақ.

Көшпенділер ойынында көпшілік назарындағы құсбегіліктің географиясы да кең болды. Сайысқа 10 елден келген 42 құсбегі қатысқан еді. Соның ішінде отандық құсбегі Серікбек Құнтуған бас жүлдені иегері атанғаны белгілі. Жүлдегер алдағы бекзат өнердің фестивалында да өнер көрсетеді.

«Атамнан қалған дәстүрді қазір балаларыма үйретіп жүрмін. Одан бөлек, шәкірттерім бар. 2018 жылы Қырғызстанда өткен көшпенділер ойынында 3-ші орынға ие болып едім. Биыл көшпенділер ойынына қатысқан оқушым екеуіміз бас жүлдеге ие болды. Қазақстан чемпионаттарына қатысып жүлдегер атанғаны да көп. Құсбегілік жарысы үш түр бойынша ұйымдастырылады: қаршыға, бүркіт, ителгі. Үш құсты да баптап жүрмін. «Шығыс салбұрыны-2024» – барлық құсбегінің басын қосатын фестиваль. Сондықтан елімізден бәрі жиналады деп ойлаймын. Ал бұл фестивальдағы бағдарлама шарттарының аталмыш көшпенділер ойынынан айтарлықтай айырмашылығы жоқ. Көшпенділер ойыны санаулы құсбегінің ғана қатысуымен және бұрын қатысып көрмеген Канада, Грузия елдерінің келуімен ерекшеленді. Әрі әлем чемпионаты ретінде өткізілді. Ал «Шығыс салбұрыны-2024» – халықаралық фестиваль және оған еліміздің барлық өңірінде құсбегі қатысуға міндетті», – дейді ол.

Құсбегінің айтуынша, ойын шарттары қатаң сақталды және көшпенділер ойынындағы барлық ойыншыға бірдей ереже бойынша жүзеге асады. Ережеге сәйкес, 500-700 метр арақашықтан құсты қолға шақырады. Құсты қолдан ұшырып жібергеннен кейін ол бір аз айналып, иесінің қолына келіп қонуы керек. Одан кейінгі шырға тарту бөлімінде ат үстінде отырған жігіт ұзындығы 20 метрдей жіпке түлкінің терісін байлайды. Ол «шырға» деп аталады. Сол шырғаны ұстап шапқанда, құсбегі қолда тұрған бүркітін шырғаға жібереді де, бүркіт соны бір ұшқанда қағып алуы керек. Егер екінші, үшінші

әрекетте шырғаны алатын болса, ұпай саны кемі түседі. Яғни, шырғаны қағып түсіру секунды аз болған сайын ұпай саны көбейеді. Құсбегі Серікбек қазір заманауи электронды шырғаны пайдаланатынын айтты. Өйткені фестивальға шетелдік құсбегілер де қатысады. Сондықтан мұндай ережелер олардың ойын талаптарына сай келмеуі әбден мүмкін.

Құсбегіліктің кіл мықтысын анықтайтын фестиваль жөніндегі марапаттарға да ие болады. Турнирдің жеңімпаздарын қаржылай марапаттау «Құсбегілік» федерациясының есебінен жүргізіледі. Жүлдегерлер «Бүркіт салу» санаты бойынша бас жүлдеге – 500 мың теңге, «Қаршыға салу» – 450 мың теңге, «Ителгі салу» 450 мың теңге ақшалай сыйлықпен марапатталады.

## ДАУА

Алматыдағы Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының мамандары «Қан тапсырып, өмір сыйла!» науқаны аясында Республикалық қан орталығына екі күнде 37 литр қан тапсырды.

## ДӘРІГЕРЛЕР 37 ЛИТР ҚАН ТАПСЫРДЫ



Сауапты шараға дәрігерлерден бастап мейіргерлер, әкімшілік қызметкерлеріне дейін барлығы 83 маман ерікті түрде үлес қосты. Донорлар қан тапсырмас бұрын медициналық сауалнама толтырып, соның нәтижесі бойынша ғана қан тапсыруға рұқсат алды. Республикалық қан орталығы тапсырылған қан көлемі мен оның сапасына баса назар аударды.

Трансфузиология бөлімінің дәрігері Данияр Әліпбаевтың тұрақты түрде қан тапсырып жүргеніне 5-6 жыл болған. «Катерлі дертке шалдыққан кішкентай бүлдіршіндерге көмектескім келеді, қан құюға мұқтаж жан көп, бір адамға болсын септігімді тигізуге келіп отырмын», – дейді ол.


Акцияға қатысқан әр қызметкер 350-450 миллилитрден қан тапсырды. Бұл істі игі дәстүрге айналдырған ақ халаттылар кезекті рет бір кісідей акцияға атсалысып, көпке үлгі болуда. Шараның тұрақты ұйымдастырушысы, клиникалық трансфузиология бөлімінің меңгерушісі Қуаныш Мүбетовтің айтуынша, Педиатрия орталығында жылына 2-3 рет тұрақты қан өткізіп тұратын 35-тен астам донор бар.

«Орталықтан жылына шамамен 130-160 адам қан тапсырады. Медициналық тексерістен өткен адамнан стандарт бойынша 450 миллилитр қан алынады. Жыл сайын донорларға қатысушы қызметкерлер саны артып келеді. Біздің орталықта қан және оның компоненттері осы орталықта ем алып жатқан науқас балаларға қолданылады. Клиникада катерлі дертке шалдыққан, жүрек ақауларымен туған балалар, ауыр хирургиялық ота қажет болған науқас балалар мен жана туған нәрестелер ем алады. Ота кезінде,

Дәрігердің пікірінше, қан тапсыру ағзаға пайдалы. «Қан тапсырудың пайдасы мен зияны қоғамда көп талқыланады. Медицина маманы ретінде қан тапсырудың негізгі пайдаларын атап өткім келеді. Біріншіден, ең бастысы – қан тапсырған әр адам үш адамның өмірін сақтап қалуға тікелей көмегін тигізеді. Екіншіден, ағзаның қан құрамы жаңарып, қан құрамының жаңаруы теріге өте пайдалы. Үшіншіден, қан тапсыру арқылы адам бойындағы қан қысымы реттеледі. Төртіншіден, қан тапсырудың семіздіктің алдын алуға септігі бар. Бесіншіден, адам өмірін ұзартады. Сонымен қатар сіз қан тапсыра отыра, ағзаның туралы ақпарат аласыз. Қан тапсырудың ағзаға еш зияны жоқ. Үлкен адам ағзасында шамамен 4,5-5 литрдей қан болады, қан тапсыру барысында әр адам 450 миллилитрден аспайтын қан тапсырады. Бұл ағзаға зиянын тигізбейді», – дейді Қ.Мүбетов.

Елімізде жасы 18-ден асқан, медициналық көрсеткіші нәтижелі кез келген азамат донор бола алады. Ерлер жылына 6 рет, әйелдер 4 рет қан тапсыруға мүмкіндігі бар.

Асыл ТҰМАР



NUR MEDIA  
МЕДИАКОМПАНИ

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:  
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назғұл НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –  
Батыс Қазақстан облысы  
Ерболжол ЖАЛҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Баһи ЖАНЗАҚА –  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:  
8(717) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4500  
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 Б  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,